

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Г.К. Көкебаева, О.Х. Мұхатова

**ТАРИХИ ТҮСІНІКТЕР МЕН
ТЕРМИНДЕР СӨЗДІГІ**

Жоғары оқу орындарына арналған
оқу-әдістемелік құрал

Алматы - 2014

ББК
К

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих факультетінің ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі ұсынған

П і к і р ж а з ғ а н д а р :

*тарих ғылымдарының докторы, профессор С.М. Мәшімбаев
тарих ғылымдарының докторы, профессор Г.Р. Дадабаева
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент А.М. Сманова*

Көкебаева Г.К., Мұхатова О.Х.

К Тарих пәндер бойынша түсініктер мен терминдер. Жоғары оқу орындарына арналған оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – бет.

ISBN

Оқу құралында дүниежүзі тарихы, тарихнама, деректану, тарихи процесс және тарихи таным теориясы пәндері бойынша түсініктер мен терминдердің маңызы, оларды пайдалану әдістері және наықтамалары берілген. Оқу құралының құрылымы студенттерді қазіргі заманғы тарих ғылымының ғылыми-категориялық аппаратымен таныстыру, тарихи үдерістің негізгі мәселелерінің қазіргі зерттелу дәрежесіне орай қалыптасқан тарихи түсініктер мен терминдерді игертуге, сөйтіп оларды өзіндік ой қорытуға дағдыландыру міндетіне бағындырылған.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының студенттеріне, жалпы тарих мамандарына арналған.

ББК

© Көкебаева Г.К., Мұхатова О.Х. 2014
© әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2014

ISBN

АЛҒЫСӨЗ

Жоғары оқу орындарында тарих пәндерін меңгеру барысында студенттер мен магистранттар көптеген тарихи түсініктер мен терминдерді кездестіреді, олардың кейбіреулері қазақша аударылып, термин ретінде қабылданған болса, басқалары ежелгі латын және грек тілдерінде, сондай-ақ қазіргі шеттілдерде беріледі. Бұл тарихи түсініктер мен терминдердің мазмұнын білу және еске сақтау үшін оларға ғылым мен философия тарихы, әлеуметтану, мәдениеттану пәндерінен алған білімдерін де пайдалану қажет болады.

Тарихи түсініктер мен терминдер тарихи оқиғалар, құбылыстар, үрдістер туралы білімді толықтырып, кешенді білімге айналдырады. Тарихи түсініктер тарихи шындықтың біздің санамыздағы бейнесін көрсетеді, тарихи түсініктерде көптеген тарихи құбылыстар мен үрдістердің ең маңызды белгілері жинақталады. Бакалавриат пен магистратураның оқу жоспарына кіретін базалық және элективтік пәндер болашақ тарихшының тарихи түсініктер жүйесін меңгеруіне мүмкіндік береді.

Тарих ғылымының тілдік қоры айрықша күрделі, өйткені ол жаратылыстану-математикалық ғылымдар сияқты нақты анықталған арнаулы терминдермен ғана емес, басқа ғылымдарда пайдаланылатын терминдерді де қамтиды. Мысалы, тарихта болған әртүрлі соғыстарды сипаттағанда әскери терминдерді, сондай-ақ белгілі бір тарихи кезеңдегі ғылым мен білімнің дамуын талдағанда жаратылыстану ғылымдарының кейбір терминдерін пайдалануға тура келеді.

Тарихи түсініктер мен терминдерді бірнеше топқа бөлуге болады, біріншісі – тарихнамада нақты материалды реттеуге, жүйелеуге қатысты жасалатын түсініктер мен терминдер; екіншісі – тарихи деректерде кездесетін түсініктер мен терминдер, үшіншісі – тарихтың концептуалдық негіздерін түсіндіруде, методологиясын талдауда қолданылатын түсініктер мен терминдер, осы соңғысы тарихпен шектес ғылымдарда да (философия, әлеуметтану, мәдениеттану, саясаттану) да пайдаланылуы мүмкін. Тарихи терминдер мен түсініктердің бірінші түріне мысал ретінде абсолютизм, феодализм, абсолюттік монархия, конституциялық монархия, парламентаризм, тағы сол сияқты түсініктерді атауға болады. Тарихи түсініктер мен терминдердің екінші түрін «Репарациялық комиссияның сарапшылар комитетінің баяндамасы (Дауэс жоспары)» деп аталған деректің мазмұнына сәйкес қарастырсақ, біз бұл жерде *кепілдіктер, санкциялар, валюта, эмиссиялық банк, Рейхсбанк, депозит, бюджеттік қор, бюджеттік мораториум, облигация, репарациялар*, тағы сол сияқты әртүрлі гуманитарлық және қоғамдық ғылымдар саласында қолданылатын түсініктер мен терминдерді кездестіреміз. Тарихи түсініктер мен терминдердің үшінші түрі қоғамдық ғылымдарда қолданылатын базис, мемлекет, қоғам, саясат,

элеуметтік страт, формация, өркениет, тағы сол сияқты философияда және басқа қоғамдық ғылымдарда пайдаланылатын терминдер бола тұрса да, олардың тарих ғылымында қолданылуының өзіндік ерекшелігі бар. Жалпы қоғамдық ғылымдарда бұл терминдер абстрактылық түсінік ретінде қолданылса, тарих ғылымында бұлар белгілі бір тарихи кезеңге және белгілі бір елге қатысты нақты мазмұнға ие болады. Тарихи түсініктер мен терминдер нақты материалды жүйелеудің, жіктеудің, талдаудың және түсіндірудің нәтижелерінде қалыптасады.

Тарих ғылымында қолданылатын кейбір терминдер үнемі ғылыми айтыс туғызып, мазмұны нақтыланып отырады. Мысалы, посткенеестік тарих ғылымында қазіргі кезде жиі қолданылатын «өркениет» түсінігіне тоқталайық. Қазіргі ғылыми әдебиетте «өркениет» термині әртүрлі мағынада түсіндіріледі. Қазіргі Ресей ғалымдарының көпшілігі оны аграрлық өркениет, индустриалдық өркениет, технологиялық өркениет деген сияқты түсінікке саяды. Бұрын алғашқы қауымдық және тарихи қоғамдарды салыстырғанда “варварлық” және “өркениет” түсініктері пайдаланылды, бұл жағдайда өркениет мемлекет пен құқық, жазу-сызу және жоғары мәдениет қалыптасқан қоғам түсінігін білдіреді. Алайда, тарихтың методологиялық негізі ретінде циклдық даму тұжырымдамасын қолдансақ, онда біз «өркениет» түсінігін мәдени-тарихи түр мағынасында қарастыруға тиістіміз. Бұл тұжырымдама Н.Я. Данилевскийдің, О. Шпенглердің, Н.А. Бердяевтің, А.Дж. Тойнбидің еңбектерінде негізделген. Осы мағынада алғанда, өркениет мәдени-тарихи түр ретінде өзіндік мәдениеті, ілім-білім кешені, өмірлік философиясы мен рухани құндылықтары бар белгілі бір халықтың немесе халықтар тобының өмір сүру мәнері мен әдісі болып табылады. Осы өркениетті құрайтын халықтар өзінің құндылықтар жүйесіне сәйкес элеуметтік және саяси институттарын қалыптастырады. Әрбір өркениеттің өзіндік мифологиясы және мәдени-тарихи салттары болады. Олардың әрқайсысының адам және өмір туралы өзіндік тұжырымдамаға негізделген айрықша мәдениеті болады. Сонымен қатар әрбір өркениеттің өзіне тән адамның шаруашылық өміріне негіз болатын өндіріс тәсілі, экономикалық құрылымдары, элеуметтік жағдайлардың жиынтығы болады. Өркениеттік тұжырымдама қоғамның дамуының негізін адамның дамуы, оның рухани дүниесінің (мәдениет, ғылым, білім, өмір сүру тәсілі мен тұрпаты, т. б.) дамуы құрайды деген идеяға негізделеді. Кейбір зерттеушілер «өркениет» түсінігін тек қана рухани мәдениет категориясы шегінде қарап, оны дінмен бірдейлестіреді. Алайда дін түсінігі өркениетке қарағанда тар және бағынышты категория болып табылады. «Өркениет» терминін тарихшы абстрактылы түсінік ретінде емес, Вавилон өркениеті, Шумер өркениеті, христиандық өркениет, исламдық өркениет, тағы сол сияқты нақты тарихи категория ретінде қарастырады.

Белгілі бір тілдегі ғылым мен техника саласындағы арнаулы атаулардың мағынасын түсіндіретін сөздік терминологиялық сөздік деп

аталады. Терминдер топталып бір сөздік түрінде де, белгілі бір ғылым саласына байланысты жеке-жеке кітап болып та шығады.

Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құралында дүниежүзі тарихы, тарихнама, деректану, тарихи процесс және тарихи таным теориясы пәндері бойынша түсініктер мен терминдердің маңызы, оларды пайдалану әдістері және наықтамалары берілген. Оқу құралының құрылымы студенттерді қазіргі заманғы тарих ғылымының ғылыми-категориялық аппаратымен таныстыру, тарихи үдерістің негізгі мәселелерінің қазіргі зерттелу дәрежесіне орай қалыптасқан тарихи түсініктер мен терминдерді игертуге, сөйтіп оларды өзіндік ой қорытуға дағдыландыру міндетіне бағындырылған. Оқу құралы жоғары оқу орындарының студенттеріне, тарихшы мамандарға арналған.

БІРІНШІ БӨЛІМ

ТАРИХ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТҮСІНІКТЕР МЕН ТЕРМИНДЕР

Аболиционизм – құлдықты жою жолындағы қозғалыс.

Абсентизм – сайлау кезінде дауыс беруге қатыспау.

Абсолютизм - дәстүрліден индустриалды қоғамға өту кезеңінде қалыптасқан және әлеуметтік күштердің уақытша балансын көрсететін айрықша әлеуметтік-саяси жүйе. Абсолюттік жүйенің қалыптасуы жалпы мемлекеттік бюрократиялық машиналардың, кәсіпқой тұрақты әскердің, жалпы мемлекеттік салық жүйесінің, жалпы мемлекеттік сот-тергеушілік аппаратының, заңнаманы үйлестіру және әкімшіліктік ұйымдастырушылықтың, өлшем және салмақ жүйесі, мемлекеттік шіркеудің пайда болуы, бірыңғай мемлекеттік экономикалық аясатын жүргізуімен (протекционистік) қатар жүреді. Саяси сипатына байланысты абсолюттік тәртіптің ішінде ағартушылық абсолютизм ерекшеленеді (жалпыхалықтық шоғырлануға, жаңа әлеуметтік топтарды асимилициялауға, соның ішінде протекционистік саясатты жүргізу арқылы, ағартушылық идеологиясын қолдауына, жалпыхалықтық сыртқы экспансия саясатын жүргізуге бағдарланған мемлекеттік жүйе), консервативті абсолютизм (феодал әлеуметтік топтарының қызығушылығындағы сақтаушы саясатқа, дәстүрлі діл жүйенің мұраттарына (идеал) сүйенетін, көпшіліктің салттық саяси тәртібінің стереотипіне бағдарланған мемлекеттік жүйе), деспоттық абсолютизм (династияның, сұрқиялардың немесе патшаның саясаттың мақсатын анықтауда айтарлықтай жеке асыра сілтеушілігімен өзінің қызығушылығында саясатты жүргізуге бағдарланған дербестендірілген мемлекеттік жүйе), теологиялық абсолютизм (мемлекеттік құрылымның құрамында шіркеудің айрықша рөлімен, өз қолында саяси және діни билікті шоғырландырған абсолюттік монарх біруақытта ұлттық шіркеу басшысы болып табылатындығымен ерекшеленеді), ошақтық абсолютизм немесе жергілікті (жергілікті сословиелік монархия тәртібіне және жалпы мемлекеттік мақсатты жергілікті конфессионалдық, саяси-құқықтық, әлеуметтік ерекшеліктерді ұлғайтып көрсетуге негізделіп мемлекеттік орталықсыздандырылу жағдайында қалыптасатын мемлекеттік жүйе).

Авангардизм – ХХ ғасырдағы өнердің мазмұнын және тұрпатын түбірлі түрде жаңартуға ұмтылған көркем өнер ағымдары.

Австромарксизм – Австрия социал-демократиясының ХХ ғ. бірінші ширегінде қалыптасқан ғылыми-саяси тұжырымдамасы. Социал-демократиялық жұмысшы партиясының көрнекті қайраткерлері О.Бауэр, К.Деннер, М.Адлер, Ф.Адлер өздерінің теориялық ізденістерінде

революцияшыл марксистік тұжырымдаманың өзіндік ерекше нұсқасын жасады. Олар большевиктердің революцияшылдық және батыс социал-демократиясының реформашылдық тұжырымдамаларынан іргесін ажыратып алуға тырысты. Австромарксистердің пікірі бойынша, пролетарлық революция өте ұзақ жүргізілетін, бірте-бірте іске асатын үрдіс, ол үш сатыдан (саяси, ұлттық және әлеуметтік) тұрады. Саяси революция Габсбургтер империясын жойып, демократиялық парламенттік мемлекет құрылысына жол ашуға тиісті. Ұлттық революция ұлттық мәселені шешіп, экономикалық жағынан неғұрлым тиімді аймақ шегінде жаңа мемлекеттік құрылымды жасауды іске асырады. Ал әлеуметтік революция әлеуметтік-саяси және экономикалық қайта құруларды іске асырады. Пролетарлық партияның өкімет басына келуі саяси бүлік жолымен емес, демократиялық сайлауда жеңу жолымен іске асырылуға тиісті. Бұл социализм құруға жол ашады. Социализм құрудың мәні – меншік түрін өзгерту емес, өндірісті әлеуметтендіруді іске асыру, яғни, экономикалық жүйенің барлық құрылымдарында кәсіпкерлердің, жұмысшылардың, тұтынушылардың және мемлекеттің өкілдерінен тұратын ерекше келісім комиссияларын құру арқылы әлеуметтік әділетсіздікті және адамды адамның қанауын жою.

Авттаркия – елдің шаруашылығын оқшаулау, бір елдің шегінде өзін-өзі қамтамасыз ететін, тұйық шаруашылық құру.

Автократия – бір адамның шексіз билігіне негізделген басқару жүйесі.

Автономия – өзін-өзі басқару, мемлекеттің белгілі бір бөлігінің ішкі мәселелерін өз бетінше шешу құқығы.

Авторитаризм – билік бір адамның немесе бір өкіметтік мекеменің қолына шоғырлануымен, өкілдік мекемелердің рөлінің төмендеуімен, оппозицияның мүлде елеусіздігімен, басқарудың диктаторлық әдістерімен сипатталатын саяси тәртіп.

Адвентизм – ХІХ ғасырдың 30-шы жылдарында АҚШ-та христиандық (протестанттық) секталардың қозғалысы. Бұл сектаның діни уағызында Христостың барлық тірілер мен өлілердің үстінен қатығез жаза үшін екінші қайта тірілуі туралы сенім басты орынды алады.

Азаматтық қоғам – бұл қоғамдық-саяси өмірдің тәуелсіз бөлімі; адамның саяси қызметінің шарттарын, жеке тұлғаның, әлеуметтік топтардың және бірлестіктердің әртүрлі қажеттілігі мен қызығушылығын қанағаттандыру және жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, қоғамның қатынасының жиынтығы, ресми және бейресми құрылым.

Акмеизм – ХХ ғ. басындағы орыс поэзиясындағы модернистік ағым, ол символистердің сыйқырлық талпыныстарына қарсы поэзияның нақты өмірге, адамға бетбұрысын қойды.

Ақпараттық қоғам – ақпараттық технологиялар мен бұқаралық байланыс құралдары басым орын алатын қоғам.

Анабапизм – Батыс және Орталық Еуропада Реформация дәуірінде

болған сектанттық қозғалыс, мемлекеттік жасқа келгенде шоқынуын жақтады, шіркеу иерархиясын, икондарды, христиандықтың көптеген құпияларын жоққа шығарды. Анабаптистер жеке меншікті жоюды, мүлік ортақтығын талап етті.

Анархизм – XIX ғасырда пайда болған идеологиялық доктрина. Біліксіз пролетариаттың саяси қозғалысының, эксплуатацияның кез келген түріне қарсы көпшілікпен нашар ұйымдастырылған стихиялық наразылықтың ерекшелігі. XX ғасырда метасаяси құбылыс ретіндегі сипатын жойды және жабық саяси субмәдениет қалыптастыра отырып, жеткілікті автономды идеологиялық құрал түрінде дами бастады. Осындай жағдай анархизмнің әр түрінде болды –анархо-индивидуализм (рубасы-М. Штирнер), анархо-федерализм(П. Прудон, М. Бакунин, А. Герцен идеяларына сүйенген), анархо-коммунизм(П. Кропоткиннің көзқарастарына жүгінген). Анархо-синдикализмерекшеленді, биліктің шыңына шыққан кезеңі 1880-1914 жылдарға келеді, ал идеялық ықпалының елесі (әсері) екінші дүниежүзілік соғысқа дейін қадағаланды.

Анархо-синдикализм – жұмысшы қозғалысындағы капиталистік құрылысты синдикаттардың революциялық күресі арқылы жою мақсатын қоятын ағым (синдикат – кәсіподақтардың французша атауы).

Анафема – шіркеулік балағат (қарғыс айту), шіркеуден аластатылу (шеттетілу).

Англикан шіркеуі – XVI ғасырда пайда болған протестанттық шіркеу. Ұлыбританияда мемлекеттік болып табылады. Англикан шіркеуінің догматикасында жеке сенімді құтқару туралы протестанттық және шіркеу күшін құтқару туралы католицизм қағидасы үйлесім тапқан. Шіркеу иерархиясының басшысы –король.

Аннуитет – Қарыз берушіден алған несиені өсімімен қоса өтеу үшін оған жыл сайын төленетін белгілі бір мөлшердегі қаржы сомасы.

Антропоморфизм (грек.anthropos адам, torphe – форма, пішін) – адамзаттық, халықтық дүниетанымдағы жаратылыс иелерін (құдайды, періштелерді, мал-жан иелерін), табиғаттағы нәрселерді (ғарыштық, геогр.объектілерді, жан-жануарларды, өсімдіктерді, т.б.) адамға ұқсату құбылысы, өнердегі көркемдік әдіс.

Аншлюс – 1938 жылы Австрияны Германияның өзіне күштеп қосып алғанын бейнелейтін термин.

Апартеид – Оңтүстік Африка Республикасында билеуші топтардың жергілікті халық пен Үндістаннан келген қоныстанушыларға қатысты жүргізген нәсілдік кемсітушілік пен бөлушілік саясаты.

Асьенда – Латын Америкасы елдеріндегі ірі жер иеліктері.

Атлантизм – Атлантикалық аймақтағы халықтардың мүдделері мен тағдырының ортақтығы туралы ойға негізделген идеялық-саяси тұжырымдама. Атлантизм «қырғи-қабак соғыс» кезінде екі қарама-қарсы

қоғамдық жүйелердің күресіне байланысты кең орын алды.

Әлеуметтік реформа – қалыптасқан әлеуметтік құрылысты сақтай отырып, халықтың тұрмысын жақсарту үшін белгілі бір дәрежеде өзгерістер жасау.

Әскери-өнеркәсіптік кешен – қару-жарақ жасаушылар, әскери басшылар және мемлекеттік құрылымдардағы әскери-саяси мәселелермен айналысатын, елдің әскери қуатының күшеюіне мүдделі жоғарғы басшылардың өзара тығыз байланысты екенін көрсететін түсінік.

Бейтараптылық – бейбіт уақытта әскери одақтарға қосылмау және соғыс кезінде соғысушы жақтардың ешқайсысын қолдамау статусы.

Билль (ағылшын тілді елдерде) – заң шығарушы ұйымның қарауына ұсынылатын заң жобасы, сонымен қатар кейбір конституциялық актілердің атаулары.

Биржа – 1) құнды қағаздарды (акциялар мен облигацияларды) сату және сатып алу іске асырылатын мекеме; 2) биржалық амалдар іске асырылатын мекеме.

Босқындар – қоғамда белгілі бір күштердің (саяси, экономикалық, этникалық қысым, соғыс, табиғи апат) қысымына қарсы тұруға, төзуге шарасыз болудың әсерінен өз елінен басқа бір елге көшуге мәжбүр болған адамдар.

Босқыншылық – қалыптасқан саяси-әлеуметтік, экономикалық және табиғи – климаттық ауыр ахуалдарға, апаттарға байланысты адамдардың атақоныстарынан, тұрғылықты мекендерінен амалсыз босып, ауа көшулері.

Вандализм

Вето – қазіргі заманғы мемлекеттердегі мемлекет басшысының немесе парламенттің жоғарғы палатасы төрағасының заң шығарушы орган немесе оның төменгі палатасы қабылдаған заңның күшіне енуін кейіндету құқығы. Вето құқығы кейбір халықаралық ұйымдарда да қолданылады. Мәселен, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде veto құқығы АҚШ, Ресей, Ұлыбритания, Франция және Қытайда бар.

Ғаламдық мәселелер – әлемнің барлық мемлекеттері мен халықтарының бірлескен әрекеті нәтижесінде ғана шешуге болатын мәселелер. Бұл мәселелерді елемеу бүкіл адамзат өркениетіне қауіп төндіреді.

Гегемония – жетекшілік, басшылық жасау, басым орын алу.

Геноцид – нәсілдік, ұлттық немесе діни белгілері бойынша тұтас халықтарды немесе халықтың жеке топтарын қырып-жою

Геосаясат – мемлекеттің географиялық орналасу жағдайының оның сыртқы саясатына және халықаралық қатынастарға әсерін сипаттайтын түсінік.

Гэнро – Жапонияның тәжірибелі қарт саясаткерлерінен құралған императорлық жаындағы кеңесші орган. Гэнро мүшелері императорға аса

маңызды саяси мәселелер және министрлер кабинетінің құрамы туралы кеңестер берді. Соңғы гэнро Сайондзи қайтыс болған соң, 1940 ж., гэнро өмір сүруін тоқтатты.

Герилья – Испаниядағы және Латын Америкасындағы партизандық қозғалыстың атауы.

Гомруль – Ирландияның Британ империясы аясында автономия алу бағдарламасы, бұл бағдарлама XIX ғ. соңғы шиергінде – XX ғ. басында ұсынылған болатын.

Гугеноттар – XVI—XVII ғасырларда Францияда кальвинизм жақтаушылары. Гугеноттардың әлеуметтік құрамы- қаланың төменгі топтары, орташа топтары, рулық дворяндықтың бөлігі (әсіресе- оңтүстіктегі), қалалық магистраттар бөлігі, көпестер. Солтүстік Францияның феодалдық аксүйектері мен дворяндары католиктік шіркеуді қолдады. XVI ғасырда гугеноттар мен католиктер арасындағы күрес діни азамттық соғысқа айналды (ұласты).

ГУЛАГ – Кеңес Одағындағы лагерьлердің Бас басқармасы.

Ғылыми-техникалық революция (ФТР) – ғылымды тікелей өндіргіш күшке, қоғамның дамуының жетекші факторына айналдыру негізінде өндіргіш күштерді сапалы түрде қайта құру.

Дадаизм – 1916-1924 жж. Батыс Еуропа, негізінен француз және неміс өнерінде орын алған модернистік ағым; дадаизмнің негізгі сипаты – өнердегі байырғы әдістер мен шарттылықтарға наразылығын мәнсіз, ақылға симайтын әдістермен бейнелеу.

Девальвация – ұлттық валютаның алтынға немесе басқа елдердің валютасына қатысты алғандағы мөлшерін төмендету.

Декрет – жоғарғы өкіметтің белгілі бір мәселеге арналған заңдық күші бар қаулысы.

Демагогия – өздерінің пайдакүнемдік мақсаттарын іске асыру үшін өтірік уәделер беру, шындықты бұрмалау арқылы адамға ықпал жасау.

Демаркация – нақты бір жерлерде мемлекеттік шекараны белгілеу.

Демилитарланған белдеу – бір де бір мемлекет әскерін орналастырмайтын, бекіністер және басқа әскери құрылыстар салмайтын жер, бұл жерде тәртіп сақтайтын және жергілікті тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін полиция немесе басқа ішкі күштер ғана орналаса алады.

Демографиялық саясат – халықтың ұдайы өсуі үшін мемлекет тарапынан жүзеге асырылатын әкімшілік, әлеуметтік, экономикалық және құқықтық шаралар жүйесі.

Демократиялық социализм тұжырымдамасы – социал-демократиялық партиялардың қоғамды әлеуметтік әділеттілік, еркіндік, ынтымақтастық, бейбітшілік, теңдік пен туысқандық негізінде өзгертуге бағытталған саяси стратегиясы. Бұл тұжырымдама бойынша, социализм – қоғамның мүлде жаңа үлгісі емес, бұл – қоғамды ұйымдастыру қағидасы, бұл – ынтымақтастық

және ұйымшылдық жолымен қоғамның барлық мүшелеріне тең еркіндік пен даму мүмкіндіктерін қамтамасыз ету қағидасы. Осы қағиданы іске асырудың неғұрлым тиімді институционалдық бейнесі қандай болатынын қоғам мүшелерінің көзқарастары, саяси күштердің пісіп-жетілу дәрежесі, саяси мәдениеттің түп-тамырларының тереңділік дәрежесі, т. б. жағдайлар анықтайды. Сондықтан алдын-ала социалистік қоғамның нақты үлгісін анықтау мүмкін емес. Әрбір жеке социал-демократиялық партия өз елінің ерекшеліктеріне орай социализмнің іске асырылу бейнесін қалыптастыруы мүмкін. Алайда социализм құрудағы негізгі және басты идеяны үнемі ескеру қажет, ол – демократия социализмнің бөлінбес бөлігі екендігі туралы идея. Демократия жоқ жерде социализм да болмайды.

Денонсация – бір мемлекеттің екінші мемлекетке өзара жасаған келісімшартының күші жойылғандығы туралы ескерту хабары. Ескерту хабар сол келісімшартта көрсетілген мерзімде және белгіленген ретпен жасалады.

Депрессия – өнеркәсіптік даму айналымының артық өндіруден кейінгі сатысы; ол экономиканың тоқырау жағдайымен, тауарларға сұраныстың аздығымен сипатталады.

Дискриминация (кемсітушілік) – нәсіліне, ұлтына, жынысына, діни және саяси көзқарасына байланысты азаматтарды құқығынан айыру.

Диссидент – үстем идеологиямен келіспейтін, басқаша ойлайтын адам.

Доминион – бұрынғы Британ империясының өзін-өзі басқаратын бөліктерінің атауы; ал 1931 ж. бастап тәуелсіздігін алған, бірақ Британ Ұлттар Достастығы құрамында қалған бұрынғы ағылшын отарлары, олар мемлекет басшысы ретінде ағылшын монархын таниды, оның өкілі ретінде бұл елдерде ағылшын генерал-губернаторы болады.

Егеменділік – мемлекеттің ішкі істерін және сыртқы қатынастарын іске асыруда басқа мемлекеттерге мүлде тәуелсіз болуы.

Ересь – шіркеу мойындаған діни түсініктер жүйесінен бөлек, айрықша діни ілім.

Еңбек биржасы – жұмыс күшін жалдаудағы делдалдық мекеме.

Жанталаса қарулану – жекелеген елдердің бір-бірінен қорғану мақсатында елдің қарулануын күшейтуі.

«Жасыл революция» – ХХ ғ. екінші жартысында ауыл шаруашылығына ғылымның жетістіктерін енгізу, соның нәтижесінде бірқатар дамушы елдерде астықтың көп өндірілуі және халық арасында аштықты болдырмау.

«Жасылдар» – 1970-ші жылдарда Батыс Еуропада пайда болған, қоршаған ортаны ластауға және атом энергиясын пайдаланудың зардаптарына қарсы шыққан, соғыс мақсатына жұмсалатын қаржыны азайтуды, қоғамдық өмірді демократияландыруды талап ететін қоғамдық-саяси қозғалыс.

Жоғары технологиялар – ХХ ғ. ғылыми-техникалық прогрестің нәтижелері. Оларға компьютермен, робототехникамен, гендік инженериямен, ғылым мен техниканың тағы басқа жаңа салаларымен байланысты технологиялар жатады.

Импичмент – мемлекеттік жоғарғы қызметте отырған адамдарды парламенттің сотына шақырудың кейбір елдерде қолданылатын реті мен рәсімі.

Инаугурация – мемлекет басшысының қызметіне кірісуінің салтанатты рәсімі.

Индепенденттер – ағылшын революциясы кезіндегі пуритандық жақтаушылардың радикалды- саяси топтасуы. Шіркеу қауымының толық автономиясының жақтаушылар, монархияға қарсы шыққан.

Индустриаландыру – техникамен қамтамасыз етілген, ірі өнеркәсіп құру, өнеркәсіптік өндірістің экономикадағы үлесін елеулі түрде көтеру.

Институционализация – әлдебір жаңа институттар, мекемелер құру, белгілі бір қоғамдық қатынастарды құқықтық және ұйымдық жағынан бекіту.

Инфляция – айналымдағы қағаз ақшаның құнсыздануы (сатып алу қабілетінің төмендеуі).

Казус белли – соғыс жариялауға немесе соғыс қимылдарын бастауға түрткі, сылтау.

Каудильизм – Латын Америкасы елдерінде таралған, әскерде, партияда шексіз билікке ие болған көсемнің саяси аренаға шығуымен байланысты саяси құбылыс.

Клерикализм – қоғамдық өмірде шіркеу мен дін иелерінің басымдылығын мақсат тұтатын идеологиялық доктрина.

Кодификация – құқықтың жеке салалары бойынша мемлекеттік заңдарды қайта қарап және ескіргендерін жойып, жүйеге келтіру.

Коллаборационизм – жау басып алған жерлердің азаматтарының басқыншылармен ынтымақтасуы.

Кольбертизм – XVII ғасырда Францияда Ж.Б. Кольбер жүргізген меркантилдік саясат атауының бірі. Бұл саясат қатаң кеден қолдампаздығы (протекционизм) және үкіметтің экономикаға солқылдақ мемлекеттік реттеу жүргізуімен қатар ішкі өндірісті толық қатаң бақылауымен ерекшеленеді.

Коммунизм – мақсаты тапсыз қоғамдық құрылыс орнатуда өндіріс құрал-жабдықтарына біртұтас бүкілхалықтық меншік жариялайтын, қоғамды өзін-өзі басқару және «әркімнің қабілеттілігінен, әркімге қажеттілігіне» қарай принципін ұстанатын саяси идеология.

Компрадорлық буржуазия – отар елдердегі буржуазияның шетел капиталы мен ұлттық рыноктың арасында делдалдық рөл атқаратын бөлігі.

Конвенция – келісімнің, белгілі бір мәселелер бойынша жасалған халықаралық шарттардың бір нұсқасы.

Конгломерат – әртүрлі, әртекті нәрселердің қосындысы.

Кондоминимум – белгілі бір территориядағы мемлекеттік билікті екі немесе одан көп мемлекеттердің бірлесіп іске асыруы.

Конклав – Рим папасы қайтыс болған соң оның орнына папа сайлау үшін жиналатын кардиналдардың кеңесі.

Консерватизм – мемлекеттік және қоғамдық өмірдің тарихи қалыптасқан тұрпатын, әсіресе, оның жанұяда, ұлтта, дінде, меншікте бейнеленген құндылық салттарын сақтауға және қолдауға бағдарланған идеялық-саяси ілім және ағым. Консерватизм адамдар арасында әлеуметтік теңдік болуы мүмкіндігін, қоғамдық өмірге белсенді түрде араласу қажеттілігін жоққа шығарады. Олар кез келген қоғамдық өзгерістер бірте-бірте, ойлылықпен іске асырылуы қажет деп есептейді. Консерватизм XVIII ғасырдың аяғында әлеуметтік тәртіпті саналы түрде қайта құрудың табиғатқа қайшы келетіндігін ой елегінен өткізу нәтижесінде пайда болды. Консерватизмнің негізгі қағидалары алғаш рет негізделген еңбек – ағылшын саяси қайраткері және философы Э.Берктің “Франциядағы революция туралы ойлар” деген еңбегі 1790 жылы басылып шықты. Э.Берк, Ж. де Местр, Л. де Бональд, С.Колридж және басқа теоретиктердің еңбектері байырғы (сақтаушылық, күзетшілік) консерватизмнің негіздерін қалыптастырды.

Конституция – мемлекеттік биліктің ұйымдасуын және осы биліктің, қоғамның және индивидтің өзара қатынасын реттеуді бекітетін негізгі мемлекеттік заң. «Конституция» түсінігі екі мағынада қолданылуы мүмкін: формальды конституция және материалдық. Формальды конституция мағынасында белгілі бір тәртіп негізінде қабылданатын және өзгертілетін және өзге нормативтік актілермен салыстырғанда жоғары заңдық күшке ие заңдар түсіндіріледі. Материалдық конституция мағынасында нормалар жиынтығы түсіндіріледі, олардың реттеуші пәні негізінен мемлекеттік биліктің ұйымдастырылуы болып табылады (мұндай жағдайда бір немесе бірнеше актілерде нормалардың пайда болуы және олардың мазмұны маңызды емес). Кейде материалдық конституция ретінде мемлекеттік биліктің құқықтық тәртібінің шынайы жүзеге асырылуы түсініледі, ол формальды конституцияда қалыптасқан тәртіппен сәйкес келуі де, келмеуі де мүмкін (яғни, формальды конституция мағынасында заңдық конституциялар түсіндіріледі - мемлекеттің негізгі заңы, ал материалдық конституция мағынасында - нақты конституция-мемлекеттік биліктің жүзеге асырылуының шынайы тәртібі түсіндіріледі).

Контрреформация – рим-католиктік шіркеуінің еуропа қоғамындағы секуляризация процесіне (үдерісіне), соның ішінде Реформация қозғалысына реакциясы. Реформациямен тікелей күрестен басқа(соның ішінде иезуиттер орденін, Әулие инквизиция қызметін құру), Контрреформация «католиктік жаңару» үдерісінің күшейтілуінде түсіндіреді. Осыған байланысты 1545-1563 жылдары Вселенский Тридентский соборында қабылданған қаулы маңызды орын алады (Библия (Інжіл, Таурат) және Қасиетті жазбалардың

діни сенімнің деректері ретінде теңдігінің расталуы(құпталуы), мессаның құпталуы, тәубеге келу, некеден безуші, әулиелерге табыну тәртібі, алғашқы күнә, сеніммен ақтау туралы догматтың құпталуы, жеті құпия туралы догматтың құпталуы, семинария құру туралы қаулы, индульгенция (кешіру, рұқсат беру) сатуды тоқтату, шыдамдылығын байқау туралы догматтың бекітілуі, дінбасыларының діни тәртібін қалпына келтіру, шіркеу қызметшісінің міндетін атқару туралы жарлық, некенің қасиеті туралы декрет.

Контрибуция – соғыста жеңілген елдің жеңімпаз елге беретін қаржылай немесе заттай төлемі.

Конфессия – белгілі бір діннің шегіндегі сенім жүйесі.

Концессия – 1) мемлекеттің кәсіпорындарды немесе шикізат көздерін жеке кәсіпкерлерге немесе шетел фирмаларына уақытша пайдалануға беру туралы жасаған келісімі; 2) осындай келісім негізінде құрылған кәсіпорын.

Кооперация – 1) көп адамның өзара байланысты еңбек үрдістеріне қатысуын қамтамасыз ететін еңбекті ұйымдастыру түрі; 2) кооператив мүшелерінің топтық меншігіне негізделген өндіріс түрі.

Коррупция – қоғамдық және саяси қайраткерлердің, әкімшілік қызмткерлерін пара беріп, сатып алу.

Кортес – Испаниядағы парламент.

Капитуляций – шет елдік алапауыттардың өкілдері арқылы елдің аумағында ерекше құқықтарды қамтамасыз ететін келісім-шарттар, қол қойылатын келісім-шарттар (сауда жасауға жеңілдіктер, жергілікті биліктің қол сұғылмауы, өзін-өзі басқарудың әртүрлігі және т.б.).

Капитуляция – соғысып жатқан бір жақтың қарулы қарсылық білдіруін тоқтатуы және қарсыласына қарулы күшін өткізуі.

Классы – қоғамдық өндіріс жүйесінде меншік түрлері мен алатын орнына байланысты құрылатын әлеуметтік топтар. Таптар әлеуметтік-экономикалық категориялар ретінде өндіріс үдерісінде меншікке және мәртебе иерархиясында басым қатынастарға иеленетін кез келген қоғамдық жүйенің бөлінбес компоненті болып табылады. Алайда тек индустриалды техногенді қоғамда әлеуметтенудің даралана түсуінің таптық факторлар өзіндік игілікке қол жеткізеді және шынайы әлеуметтік құрылымды қалыптастырудың базасына айналады. Кең мағынада «таптар» ұғымы әртүрлі мәнде ортақ мүддесі, құндылықтары, өзіндік өндірістік қатынастары бар, тұрақты әлеуметтік топтарға қатысты қолданылады.

Кольбертизм - XVII ғасырда Францияда Ж.Б. Кольбер ендірген меркантилді саясат атауының бірі. Бұл саясаттың өзіндік белгілерінің бірі - қатаң кедендік протекционизм және ішкі өндірісте толық бақылау орнату, сондай-ақ бір уақытта үкімет тарапынан экономиканы бейімделгіш мемлекеттік реттеуді қолдану.

Коммерция – сауда және сауда-делдалдық қызмет, сауда-саттықта

араласу немесе тауарларды сатуға, қызмет көрсетуге ықпал ету. Кең мағынада – іскерлік қызмет.

Контрреформация - рим-католиктік шіркеуінің еуропалық қоғамдағы секуляризациялы үдерістерге, соның ішінде Реформация қоғалысына реакциясы. Реформацияға қарсы тікелей күрестен өзге (соның ішінде иезуиттер орденін құру арқылы, Әулие инквизицияның қызметі), Контрреформация «католиктік жаңаруды» және осы үдерісті өрістетуді ойлады. Бұл үшін маңызды болып 1545-1563 жылдардағы Вселен Тридент соборның қаулылары саналды (Библия мен Әулие өсиетте сенім дерегі ретінде берілген теңдікті, папалық рухани биліктің Вселен соборының беделінен артықшылығы туралы қатып-сенген қағиданы, месті бекіту, құлшылық ету, целибат тәртібі, әулиелерге табыну, ең алғашқы күнәхарлық жөніндегі мызғымас қағиданы бекіту, сеніммен растау, жеті құпия туралы догманы нығайту, семинарияларды құру туралы қаулы, индульгенцияларды сатуға тиым салу, тазалану туралы догманы бекіту, дін басыларының діни пәнді қайта жаңғыртуы туралы өкімі, олардың выполнении пастерлердің міндеттерін атқаруы, некенің киелілігі туралы декрет).

Конвенция – халықаралық келісім, келісім-шарт.

Кондоминиум – белгілі бір аумақта мемлекеттік билікті екі немесе одан да көп мемлекеттік биліктің бірлесуімен жүзеге асыру.

Қосылмау қозғалысы – Үндістанның бастамасымен 1955 ж. Бандунгте болған, 29 ел қатысқан конференцияда негізделген қозғалыс. Қосылмау қозғалысына қатысушы елдер әлемдегі әскери-саяси одақтардың бір де біреуіне кірмейтіндігін мәлімдеді.

Құрылтай жиналысы (конституциялық жиналыс) – конституцияны өңдеуге және қабылдауға арнайы құрылған сайланбалы ұйым (конституантты аталатын конституциялар). Қалыптасу амалына қарай құрылтай жиналыстары жалпыға бірдей және тура сайлау жолымен және ішінара сайлау, ішінара тағайындау және табыстау жолымен қалыптасатын болып бөлінеді. Құзыреттілігіне қарай құрылтай жиналыстары егеменді (жаңа конституцияны өңдеуші және қабылдаушы) және тәуелді (тек қана референдум немесе басқа мемлекеттік орган қабылдау үшін өңделетін конституция), өкілеттілігі шектеулі жиналыс (тек конституциялық іске асыру) және шексіз өкілеттілік (конституциялық іске асыру және парламент қызметі (функциясы) болып бөлінеді.

Латифундия – ірі жер иелік, поместье.

Легитимизм – әулеттік мұрагерлік, монархиялық мемлекеттілікті сақтап қалу және дәстүрлі құқық принципі негізінде, қоғамдық-саяси және құқықтық тәртіптің заңдылығын негіздейтін идеологиялық доктрина. Бертін келе термин кең ауқымда қолданысқа ие болды. Тәртіп, жалпыға міндетті нормалар және ережелер заңды емес (яғни, заңды нормаларда бекітілмеген) үлгісін анықтау үшін жеткілікті лауазымға және беделге ие әлеуметтік тәртіп

сипатында болды.

Либерализм – жеке адамның еркіндігін, тағы басқа азаматтық және саяси құқтарын жариялайтын, мемлекеттің іс-әрекет кеңістігін шектеуді талап ететін ілім және саяси ағым. Либерализмнің түп қазығы ежелгі дүниенің еркіндік туралы түсініктеріне негізделген. Ағартушылық дәуірінде либерализм қоғамдық келісім идеясына негізделді. Ағылшын философы Дж.Локк, француз Ағартушылығының өкілі Л.Ш.Монтескье, неміс философы И.Кант либерализмнің дамуына елеулі үлес қосты. Либерализмнің экономикалық платформасы көрінекті ағылшын ойшылы А.Смиттің еңбектерінде жүйеленді. Классикалық либерализм жеке тұлғаның еркіндігіне ерекше мән беріп, еркіндікті белгілі бір әлеуметтік құрылысты қамтамасыз етудің құралы ретінде емес, негізгі мақсат ретінде қарады. Осылайша еркіндікті абсолюттендіру, еркіндікті барынша кеңейте беру мақсаты қалыптасты. Бұл “іс-әрекетке шектеу қойма” (“laissez-faire”) қағидасына негізделді, яғни, азат етілген адамның әлеуметтік шығармашылығы мен қоғамдық дамудың табиғи қозғалысы адамзат алдында тұрған барлық мәселелерді дұрыс шешуге мүмкіндік береді.

Лоббизм – белгілі бір өнеркәсіптік, қаржылық немесе басқа топтардың мүдделеріне сай келетін мемлекеттік-саяси және әкімшілік шешімдерді дайындауға және қабылдауға мүмкіншілік беретін саясаткерлердің, мемлекеттік қызметкерлердің, сарапшылардың, т.б. арасындағы байланыстар мен қатынастар жүйесі.

Луддиттер – Ұлыбританиядағы өнеркәсіптік төңкеріс үдерісінде машиналарды қолдануға қарсы стихиялық бас көтерілерге қатысушылар.. Термин алғашқы болып станокты қиратушы аңызға айналған шебердің көмекшісі - Нед Лудд есіміне байланысты пайда болған.

Лютеранство – XVI ғасырда Германияда қалыптасқан протестантизмнің негізгі бағыттарының бірі. Негізін қалаушы Мартин Лютердің есімімен байланысты аталған. Ол осы ілімнің негізгі қағидаларын тұжырымдады: шіркеуді емес сенімді нығайту, католицизмнің негізгі догматтарын теріске шығару, соның ішінде папа кеңесі, икондарға табынудан, салтанатты әдет-ғұрыптардан бас тарту және т.б.. Аугсбург діни әлемі бойынша 1555 жылы лютеран шіркеуі ресми танылды. Лютерандық Скандинавия, Германия, АҚШ, Балтық елдерінде кең етек жайды.

Макиавеллизм – алдына қойған мақсатына жету жолында айлакерлікті, сатқындықты, тағы басқа келеңсіз әдістерді қолдануды дұрыс деп санайтын саясаткерлік мінез-құлық.

Мануфактура – қол еңбегі үстемдік ететін, өндірістің әртүрлі операцияларының еңбекке бөлінуінің бар болуы және жалдамалы жұмысшылар еңбегін қолданатын ірі өнеркәсіп. Мануфактураның негізгі түрлері (формалары): орталықтандырылған (барлық өндіріс үдерістері бір немесе бірнеше ғимараттарда жүргізілетін, ал жұмысшылардың еңбегі

әрдайым иесі бақылап отыратын өнеркәсіп), шашыранды (тауар өндіру операциясы жұмысшылар мен үйінде еңбек ететіндер арасында бөлінетін өнеркәсіп).

Масонство – ХУІІІ ғасырдың бас кезінде Ұлыбританияда пайда болған діни-этикалық ілім. Көптеген елдердің дворяндық және буржуазиялық ортасында кеңінен таралған. Масондық өзінің атауын, ұйымын, рәсімін ортағасырлық құрылысшы-тас қалаушылардың цехтарынан, сондай-ақ ортағасырлық рыцарлық және мистикалық ордендерінен алған. Масондар барлық адамзатты туысқандық одаққа біріктіру мақсатында әлемдік құпия ұйым құруға ұмтылды. ХУІІІ - ХІХ ғасырдың бас кезіндегі саяси және қоғамдық өмірде айтарлықтай рөл атқарды.

Марксизм – К.Маркс және Ф.Энгельс негіздеген, пролетариаттың таптық идеологиялық доктринасын бейнелейтін философиялық, экономикалық және әлеуметтік-саяси көзқарастар жүйесі. Марксизмнің түйінді идеялық қағидалары – қосымша құн және өндірісті қоғамдастыру түсініктеріне негізделген капитализмнің экономикалық жүйесінің анализі, тарихи материализмнің философиялық жүйесі, соның ішінде пролетариаттың тарихи рөлі туралы қорытындылары ХІХ ғ. екінші жартысында жұмысшы қозғалысының негізгі идеологиясына айналды. Марксизм дүниені ауқымдылықпен қайта құрудың белгілі бір үлгісін қалыптастыруға бағытталды, жаппай әлеуметтік, рухани, көзқарастық революция идеясын жариялады.

Меморандум – мәселенің мәнін жете зерттейтін, елшілік қатынастардың пәні болып табылатын дипломатиялық құжат.

Меркантилизм – ХУІ—ХУІІІ ғасырлардағы сауда-саттық буржуазиясының мүддесін білдіретін экономикалық ілім. Меркантилистердің пікірінше, мемлекеттің әл-ауқаты елде ақшаның көп мөлшерде жинақталуынан және тауарды әкелгеннен гөрі сыртқа шығару басымдыққа ие болуына байланысты.

Метрополия – отарлық иеліктері бар мемлекет.

Милитаризм – қарулануды күшейту және басқыншылық соғысқа дайындалу саясаты.

Миссионерлік – діни нанымдарды пұтқа табынушылар мен өзге діндегілер арасында тарататын қызмет. Христиандықта көп таралған. Өз діндеріне үндеуді католик, православиелік, протестанттық миссионерлер әртүрлі елдерде белсенді түрде жүргізді: Азия, Африка, Оңтүстік Америка.

Модернизация – индустриалдық қоғамға өту үрдісі.

Модернизм – ХХ ғ. өнердегі және әдебиеттегі өткен кезеңнің байырғы тұрпаты мен эстетикасын жоққа шығарып, стильдің шарттылығына сүйенетін бағыттардың жалпы атауы.

Мораторий – ішкі және сыртқы міндеттемелерді орындаудың кейінге қалдырылғанын жариялау.

Нацизм – герман фашизмі.

Национализациялау – жердің, өнеркәсіп орындарының, тасымал және байланыс құралдарының, банктердің, т. б. жеке меншіктен мемлекет меншігіне өтуі.

Нәсілшілдік – адамзатты жоғары және төмен нәсілдерге, жетілген және жетілмеген нәсілдерге бөлу туралы ғылыми негізсіз, керітартпа теория.

Неоконсерватизм – консерватизмнің ХХ ғасырдың екінші жартысындағы жаңартылуы негізінде туған ағым. Оның неғұрлым белгілі өкілдері И.Кристалл, Н.Подгорец, Д.Белл, З.Бжезинский және басқалар консерватизмнің байырғы құндылықтарын батыс қоғамының постиндустриалдық кезеңінің нақты мәніне бейімдейтін идеяларды негіздеді. Олар тәртіп пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін қорғаушы құрал ретінде күшті мемлекет болуын қалайды. Неоконсерватизмде екі ағым – либерализмнің жеке адамның еркіндігін құрметтеуі және консерваторларға тән дін, жанұя, заң, тәртіп, имандылық сияқты құндылықтарды қорғау ұштасып жатыр.

Неолиберализм – ХІХ ғ. аяғында экономикаға мемлекеттің араласуының күшеюі және әлеуметтік мақсаттардың рөлінің артуы жағдайында қалыптасқан либерализмнің жаңа нұсқасы. Неолиберализмнің негізгі қағидалары: 1) салықтар, мемлекеттік меншік, жоспарлау, қаражат жүйесі арқылы экономикалық өмірге белсенді түрде араласу негізінде қоғамның кедейленген, әлеуметтік жағынан нашар қорғалған жіктерін қолдау жолымен әлеуметтік қақтығыстарды болдырмауды мақсат етіп қоятын “жақсы тұрмыс мемлекеті” туралы идея; 2) саяси билікті іске асыруда қоғамның барлық әлеуметтік топтарының мүдделерін ескеру және олардың шамаластығын қамтамасыз ететін плюралистік демократия туралы идея; 3) толеранттылық құндылығына және негізгі өмірлік көріністердің еркіндігіне бағдар ұстау. Әлеуметтік либерализм идеялары “бірінші эшелон” елдерінде қалыптасты. АҚШ президенттері Т.Рузвельт пен В.Вильсон жаңа либерализмді жақтады. Ұлыбританияда әлеуметтік либерализм идеяларының таралуы либералдық партияның жетекшісі Д.Ллойд Джордждың іс-әрекетімен байланысты. Францияда бұл радикалдар және радикал-социалистердің қызметімен байланысты. Бельгия, Голландия, Швейцария сияқты елдерде әлеуметтік либерализм байырғы монархиялық традициялар мен христиандық саяси қозғалыстың аралас тұрпатына негізделді. Модернизациялау кеш басталып, жоғарыдан жылдам қарқынмен жүргізілген “екінші эшелон” елдерінде классикалық либерализм салттары толық, жүйелі түрде қалыптаспағандықтан реформизм идеялары либералдық-консервативтік ағымдардың араласқан, жымдасқан түріне негізделді және оның этатистік сипаты күшті болды. Атап айтқанда, Германияда – Б. фон Бюлов, Италияда – Дж.Джолитти, Ресейде – С.Ю.Витте жүргізген реформалар саясаты осындай сипатта болды.

Омбудсмен – англосаксон елдеріндегі адам құқықтары мәселесімен айналысатын өкіл.

Оқшаулану (изоляциялизм) – АҚШ сыртқы саясатындағы ХІХ ғ.

ортасынан бастап қалыптасқан Америкадан басқа аймақтардағы қарулы қақтығыстарға араласпау идеясына негізделген бағыт. Бұл саясаттан АҚШ 1940 жылы ғана бас тартты.

Панамериканизм – Америка құрылығындағы барлық елдердің мүдделерінің ортақтығы және олардың бірлігінің қажеттілігі туралы саяси-идеялық доктрина.

Пангерманизм – немістер тұратын облыстарды Германияға қосып, оның жерін кеңейту жолымен неміс ұлтын біріктіру идеясына негізделген саяси доктрина.

Панъевропеизм – жалпы еуропалық мемлекетаралық мекемелер мен бірлестіктер құру идеясына негізделген саяси тұжырымдамалар. Ол ХІХ ғ. пайда болды, алайда бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін ғана неғұрлым кең таралды. 1926 және 1932 жылдары екі рет конгрестері шақырылып, онда Еуропа елдерінің саяси, экономикалық және мәдени жақындасу мүмкіндіктері талқыланды. Еуропаның бірқатар елдерінде фашизм тарала бастаған соң бұл идея жалғаспай қалды. Алайда еуропалық саяси, экономикалық және мәдени ынтымақтастық екінші дүниежүзілік соғыстан кейін іске асты.

Пацифизм – 1) зорлық жасамау, ынтымақтастық пен бейбітшілік тілектеріне негізделген көзқарас; 2) ХХ ғ. 20-жылдарында кең таралған, халықаралық құқықтық кеңістік, халықаралық арбитраж жүйесін құру, соғыстан бас тарту, қарусыздану идеяларына негізделген халықаралық қатынастардың философиялық тұжырымдамасы; 3) басқыншылық сыртқы саясат пен милитаризмді айыптайтын қоғамдық-саяси қозғалыс.

Плебисцит – белгілі бір жердің тағдырын анықтау үшін сол жер тұрғындары арасында сұрақ жүргізу.

Популизм – өз мақсаттарына қол жеткізу және ақтап алу мақсатында халыққа, қоғам пікіріне және көңіл-күйіне тікелей шағым жасау тән идеялық-саяси ағым және саяси қызмет түрі.

Постиндустриалдық қоғам – басты рөлді ғылым мен техника атқаратын қоғамдық даму сатысы.

Преамбула – конституцияның, халықаралық келісімшарттың немесе қандай да бір құжаттың осы заңды немесе шарттарды жасауға негіз болған жағдайларды, сондай-ақ оның мақсаттары мен ниеттерін көрсететін бөлігі.

Пролетариат – индустриалды қоғамның құрылымындағы үстем етуші таптық бірі, әлеуметтік топ, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы өндірісінде жалдамалы еңбекті тудырушылар ретінде қалыптасқан және соларда жұмыс істейтіндер, өндіріс құрал жабдықтарының кез келген түрлеріне меншіктен айрылған, жеке әлеуметтік мәртебеге кері әсерін сипатқа ие өндіріс құралдарына кез келген меншік түрінен айырылған, өзінің әлеуметтік мәртебесіне қатысты өзіндік жағымсыз көзқараспен қарайтындар.

Протекторат – 1) ішкі істерін шешуде белгілі бір автономияға ие,

бірақ қорғаныс, сыртқы саясат, ішкі мемлекеттік саясаттың аса маңызды мәселелерін реттеуде басқа елге тәуелді мемлекет; 2) 1653-1659 жж. Англиядағы басқару жүйесі, мұнда республиканы лорд-протектор басқарды.

Протекционизм – мемлекеттің ұлттық экономиканы сыртқы әсерлерден қорғауға бағытталған шаралары.

Протестантизм – христиан дінінің негізгі бағыттарының бірі. Протестанттық қозғалыс Реформация кезінде пайда болды. Көптеген жеке ағым, қозғалыс және секталарды біріктіреді (лютерандық, кальвинизм, цвинглиандық, англикан шіркеуі, әдіскерлерді, баптистерді, адвентистерді және т.б.). Протестантизмге бейбіт дінбасыларының қарама-қарсы қою принципіннің жоқ болуы, күрделі шіркеу иерархиясынан бас тарту, монахтық өмірдің, некеден безушілердің (целибат) жоқ болуы тән. Протестантизмде Құдай ана, әулиелер, періштелер, икондарғұрпы жоқ, құпиялар саны екіге жинақталады (шоқындыру және күнәдан тазару). Діни ілімінің негізгі дерегі- Қасиетті жазба.

Радикализм – негізгі саяси институттар мен қоғам құндылығын батыл және терең, түбегейлі өзгертуді талап ететін идеялық-саяси ағым және саяси қызмет.

Ратификация – белгілі бір елдің мемлекеттік өкіметінің жоғарғы мекемесінің сол мемлекеттің өкілі қол қойған халықаралық келісімді бекітуі.

Реализм – өнер мен әдебиетте нақты өмірді толық, шыншылдықпен бейнелеуге ұмтылатын бағыт.

Реваншизм – соғыстағы жеңілістің, ұлттық және мемлекеттік мүдделердің жәбірленуінің кегін қайтару идеясына негізделген саяси идеология.

Регенттілік– монархиялық мемлекеттерде мемлекет басшысының өкілеттілігін қандай да болсын тұлға (регент) немесе тұлғалар тобының (регент кеңесі) уақытша жүзеге асыруы. Монархтың ұзақ уақыт жоқтығы, оның сырқаттануы, жастық шақ (жасының кішілігі) немесе іс-әрекетке қабілетсіздігі, яғни жарамсыздығы кезінде орнатылады (белгіленеді).

Республика – мемлекет басшысын сайлауға негізделген басқару түрі. Республика түрлері- президенттік республикалар (президент-мемлекет және атқарушы өкіметтің, заң шығарушы өкіметтің басшысы. Тікелей халықтың немесе сайлаушылардың таңдауымен бекітіледі. Парламентті таратуға, министрлерді ауыстыруға құқысы бар.

Репарация – жеңілген елдердің жеңімпаз елдерге соғыс шығынын төлеуі.

Репрессия – жазалау, қырып-жою шаралары.

Референдум – мемлекеттік өмірдің аса маңызды мәселелері бойынша жалпы халықтық дауыс беру.

Реформация – католиктер шіркеуіне қарсы бағытталған XVI ғасырда Еуропадағы қоғамдық қозғалыс. Реформация католик шіркеуінің иерархия

және дінбасыларының қажеттілігін жоққа шығаратын, католиктік Қасиетті жазбалар қабыл алынбады, жер байлықтарына шіркеудің құқысы жоққа шығарылған және т.б. тезистер ұсынды. Реформацияның негізгі бағыттары- бюргерлік (Лютер, Кальвин, Цвингли), халықтық, католик шіркеуін таратуды теңдікті орнатуға күреспен байланыстырушы талаптар (Мюнцер, анабаптистер), корольдік-князьдық, шіркеу байлығын басып алуға ұмтылушы ақсүйек (зайырлы) өкіметтің қызығушылығын көрсетті.

Сайлаудың аралас жүйесі – мандаттардың бір бөлігі мажоритарлық жүйе арқылы жіктелетін (бір мандатты сайлау округінде), келесі бөлігі –пропорция бойынша (партиялық тізім бойынша).

Сайлаудың мажоритарлық жүйесі – көпшілік принципіне негізделген, көп дауыс жинаған кандидат сайланған болып табылатын сайлау жүйесі.

избирательна система, основанная на принципе большинства, когда избранным считается кандидат, набравший наибольшее число голосов.

Сайлаудың пропорционалдық жүйесі – мандаттар партиялар немесе сайлау бөлімдерінен алынған дауыстарды тепе-тең үлестіретін сайлау жүйесі.

Санкциялар – халықаралық міндеттемелерін, халықаралық құқық өлшемдерін бұзған мемлекетке қарсы қолданылатын шаралар. Санкциялар сауданы шектеу, шетел банктеріндегі есепшотын тұтқындау, оқшауландыру, қарулы күштерді қолдану түрінде іске асырылады.

Сателлит – 1) Ежелгі Римде – өзінің қожасына үнемі ілесіп жүретін қарулы жалдамалы жауынгер; 2) тәуелді, бағынышты адам, біреудің бұйрығын орындаушы; 3) өзінің тәуелсіздігін сақтаған, бірақ іс жүзінде басқа күштірек елге бағынатын мемлекет.

Саяси мәдениет – саяси-құқықтық орнатулардың (қондырғы), бейімделудің, нышанның идеялардың, нормалардың (ереже), мемлекеттік-саяси институттардың базалық жиынтығы, яғни, адамға саяси және қоғамдық тәртіпті басқаратын принциптер, ал қоғамға- осы сферада қоғамдық сананың (түсініктің) тұтастығын және біріктірілгендігін қамтамасыз ететін, құнды және оңтайлы (рационалды) дәлелдердің жүйеленген құрылымын беретін құндылықты-нормативті жүйе. Саяси-құқықтық мәдениеттің қалыптасу негізі(базасы) жалпы ұлттық және басым компоненттері болып табылады. Саяси мәдениет саяси сананың бөлігі ретінде, солай саяси психологияны да қамтиды (енгізеді).

Саяси жүйе – қағидалардың жиынтығын біріктіретін, мемлекеттің конституциялық-құқықтық мәртебесін, мемлекеттік билік құрылымын қалыптастырудың маңызды механизмінің мәртебесін және қызметін реттеуші қағидаларды жасаушы конституциялық-құқықтық институттар жиынтығы.

Саяси тәртіп (режим) – қоғамдағы саяси билікті іске асыру әдістері, жолдары және формаларының жүйесі.

Секуляризация – мемлекеттің шіркеу меншігін зайырлы меншікке айналдыруы. Бұл әрекет Еуропада Реформация кезінде кең түрде іске

асырылды.

Сепаратизм – бөлінуге ұмтылу; мемлекеттің бір бөлігін бөліп алып, жаңа мемлекеттік құрылым жасауға ұмтылу.

Социал-реформизм – эволюциялық даму, демократиялық социализм және оған капиталистік қоғамды реформалау жолымен қол жеткізетін саяси идеология.

Стагнация – экономикадағы тоқырау құбылысы.

Страттар – жеке тұлғаның әлеуметтенуінің критерийлеріне орай құрылған әлеуметтік топтар.

Сюрреализм – XX ғ. өнеріндегі дадаизмнің орнына келген бағыт; олар сананы, әсіресе, түйсікті бейнелеуге ұмтылады, мұның өзі нақты және өмірде жоқ нәрселерді ғажайып та мәнсіз ұштастыруға алып келді.

Тәркілеу – сот шешімімен мал-мүлікті, ақшаны, т. б. меншікті мемлекет меншігіне тегін беруге мәжбүр ету.

Теократия – саяси билік дін иелерінің қолында болатын басқару жүйесі.

Тоталитаризм – XX ғ. саяси тәртіптің бір нұсқасы, мұнда мемлекет қоғам өмірінің барлық салаларына жаппай бақылау орнатады, билік бір адамның немесе бір партияның қолына шоғырландырылады, конституциялық құқықтар мен бостандықтар жойылады, бүкіл халық бір идеологияға бағындырылады, еркін ой қудаланады.

Трансұлттық корпорация (ТҰК) – іскерлік әрекеттерінің басым бөлігін өзі тіркелген елдің шегінен шығып, басқа бірнеше елдерде жүргізетін корпорация, фирма, компания.

Трансферт – Шетелдік вадютаны немесе алтынды бір елден екінші елге ауыстыру.

Ұжымдастыру – ауыл шаруашылығын қауымдастыру; ұсақ шаруа шаруашылықтарын ірі ұжымдық шаруашылықтарға біріктіру.

Узурпация – өкіметті заңсыз басып алу немесе бөтеннің әлдеқандай бір нәрсеге құқықтарын заңсыз түрде иемденіп алу.

Ұлттық жиынтық өнім (ҰЖӨ) – мемлекет экономикасының барлық сааларының бір жыл ішінде өндірген өнімі. ҰЖӨ жан басына шаққандағы мөлшері экономикалық даму деңгейінің басты көрсеткіші болып табылады.

Унитаризм – құрамында дербес мемлекеттік құрылымдар болмайтын, әкімшілік-территориялық бірліктері бір орталықтан басқарылатын мемлекеттік құрылыс.

Унификация – әлдебір заттарды, құбылыстарды, т.б. біртектілікке, біртүрлілікке, бір жүйеге айналдыру.

Уния – одақ.

Фактория – көпестердің, миссионерлердің әрекеті нәтижесінде отар елдерде пайда болған қоныстар, олар отарлық жаулаушылықты одан әрі кеңейтудің тіректері болды.

Фаланга – 1) қатар, сап; 2) Испаниядағы фашистік және оңшыл

реакциялық ұйымдардың атауы.

Фашизм – нәсілшілдікті, көсемдік басқаруды, әлемге билік құруды уағыздаған оңшыл тоталитарлық ағым.

Федерализм – мемлекеттік-саяси автономия құқығы бар субъектілерден тұратын мемлекеттік құрылыс.

Феминизм – Францияда, Англияда, Америка Құрама Штаттарында XVIII ғасырда қалыптасқан әйелдердің құқықтары мен бостандықтарын қорғау қозғалысы.

Фиск – мемлекеттік қазына.

Фовизм – француздың бейнелеу өнеріндегі ашық бояуды еркін пайдалануымен ерекшеленетін бағыт.

Фундаментализм – ортодоксалды көзқарас және идеяларды жақтаушыларының жалпылама атауы, негізінен діни көзқарас.

общее название сторонников ортодоксальных взглядов и идей, главным образом, религиозных.

Шекараларды демаркациялау – шекаралардың нақты қай жерлерден өтетіндігін белгілеу.

Шовинизм – аса сыртқары ұлтшылдық, ұлттық артықшылықты уағыздайтын, ұлттардың бір-бірін жеккөрушілігі мен қақтығысын туғызуға бағытталған саясат.

Эволюциялық жол – қоғамды бірте-бірте зорлықсыз қайта құру жолы.

Эгалитаризм – әлеуметтік әділеттілік қағидасын мүліктік теңдік, меншікті тең бөлісу арманымен ұштастыруға негізделген идеология.

Экспроприация – мемлекеттік өкіметтің меншікті мүлікті зорлықпен тартып алуы.

Экстремизм – ерекше сыртқары көзқарастар мен шараларды жақтау.

Электорат – парламенттік, президенттік, жергілікті сайлауларға қатысу құқығы бар азаматтар тобы.

Эмбарго – белгілі бір тауарларды, алтынды, құнды қағаздарды, валютаны елге әкелуге немесе әкетуге мемлекеттік тиым салу.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТҮСІНІКТЕР МЕН ТЕРМИНДЕР

Тарихнама - ежелгі грек тілінен аударғанда “история” - тарих және “графия” - тарихты сипаттап жазу дегенді білдіреді. Тарихнаманы ең алдымен адамзат қоғамын танудың аса маңызды түрлерінің бірі болып табылатын тарих ғылымының тарихы деп түсінген жөн. Сондай-ақ тарихнама деп белгілі бір тақырыпқа немесе тарихи дәуірге арналған зерттеулердің жиынтығын атайды.

Тарихнамалық зерттеулер - белгілі бір дәуірде пайда болған тарихи таным бағыттарына тән және әлеуметтік функциялар атқаратын принциптердің негізінде жүргізілетін ғылыми ізденістер. Сонымен қатар тарихнамалық зерттеулердің міндеттері тарих ғылымының даму сұраныстары мен қажеттіліктеріне байланысты айқындалады және қол жеткізілген тарихи таным мен тарихи ойдың деңгейіне, сондай - ақ зерттеу әдістеріне тікелей тәуелді болады.

Тарихнамалық зерттеудің міндеттері: жаңа теориялық ұстанымдарды орнықтыру, ғылымды жалған, сыңаржақ тұжырымдар мен қорытындылардан босату, тарихнамалық тұжырымдарды қалыптастыру, ғылыми тарихи ойдың дамуының сабақтастығын, тоғысуларын қарастыру.

Методология көне грек сөзінен аударғанда «методос» - «зерттеу жолдары», «таным тәсілдері», ал «логос» ілім деген мағына береді, яғни ол ғылыми зерттеу жолдары, таным тәсілдері туралы ілім болып шығады. Ғылымда методологияның “тарихи таным теориясы” деген интерпретациясы да кездеседі. Методология - белгілі бір мәселені зерттеудің ғылыми әдістемелері, тәсілдері мен жолдары. Тарих ғылымында методологияны 1. Танымның мазмұнын сипаттайтын дүниетанымдық ережелер мен теориялық принциптер. 2. Зерттелуге тиіс мәселенің ерекшеліктеріне сәйкес әдістемелік қолданыстар. 3. Ғылыми зерттеуді дәйектейтін, оның барысы мен нәтижелерін көрсетуде қолданылатын тәсілдер деп те атайды. Методология ілімі ретінде білімнің үш деңгейінен құралады: философиялық, ғылыми-теориялық және эмпирикалық.

Ғылыми әдістер - бұл зерттеушінің танымдық қызметіндегі тарихи білімнің шынайылығына жетудегі саналы тәсілдер мен жолдар. Әдіс - тарихи заңдылықтарды оның нақты көріністері тарихи фактілер, фактілерден жаңа білімді шығару жолдарын зерттеудің тәсілі.

Пәнаралық - бұл заманауи дамудың сипатты көріністерінің бірі, білімнің әлеуметтік және саяси интеграциясы. Көп жақтылы ұғымда пәнаралылықтың бірпәнділіктен айырмашылығы оның әртүрлі пәндер, білім салалары арасында өзара әрекет етуі түрінде түсіндіріледі. Оның дамуы барысында

идеялар мен көзқарастардың, терминдері және зерттеу тәжірибесінің интеграциясы, айырбасы жүреді. Осындай өзара ықпал етудің нәтижесінде ғылыми білімнің өзекті міндеттерін шешудің бағыты қалыптасып, ақырында зерттеу объектісінің мазмұны толығып, байи түседі.

Пәнаралықтың дамуы білімді белгілі бір ғылым салаларынан екінші ғылым салаларына жеткізуден көрінеді. Мұның өзі жаңа сапалы білімге қол жеткізу үшін жасалады. Ғылымның пәнаралық сипаты аралас және өзге де ғылым өкілдерінің бірігуін, олардың зерттеу аппараттарының интеграциялануын талап етеді. Осындай бағытта зерттеу пәнінің жаңа мүмкіндіктері ашылады.

Ғылыми зерттеу принциптері - ғылымның негізгі, жетекші ұғымдары. Олар тарихтың объективті заңдарын оқып-үйренуден туындайды, соның нәтижесі ретінде саналады және осы мағынада заңдылықтар іспеттес болады. Принциптер логикалық категория, олар табиғатта емес, адамдардың санасында өмір сүреді. Тарих ғылымында тарихилық, шынайылық және әлеуметтік принциптер орын алған.

Тарихнамалық заңдылық - жекелеген тарихшылардың іргелі еңбектеріндегі ой-пікірлерді зерттеу жолымен ғана емес, ғылыми ойдың тарихнаманың дамуының түрлі кезеңдеріндегі қозғалыс процесін көрсететін тарихи шығармашылықты талдау нәтижесінде орнатылатын ғылыми ереже.

Тарихнамалық факті - тарих ғылымында тарихнамалық заңдылықтарды ашу үшін қолданылатын, тарихи білімдер туралы ақпарат беретін мәлімет. Ол өз бойына дара, яғни дербес, қайталанбас, жалпы, кездейсоқ, қажетті, тікелей, жанама, объективті, субъективті, т.б. қасиеттерді жинақтаған. Фактінің үнемі даму және баю қабілеті бар. Ол үнемі тарихшылардың еңбектерінен орын алады. Тарихнамалық фактілер дара, қайталанатын, қайталанбайтын немесе эталонды болып бөлінеді.

Ғылыми факті - деректегі орын алған білім дәлелденген және қорытындылаушы тарихи білім болып саналатын ерекше түрдегі мәліметтің бейнесі. Мұның өзі факті тарихшының ғылыми тұжырымдамасына, оның тарихи пайымдауларына сәйкес өңделеді дегенді білдіреді. Бұған қоса фактілік білім болып ол шынайы, ғылыми проблеманы шешуге қызмет ететін, ғылыми білімнің логикалық құрылымы саналатын, білім жүйесіне ендірілген кезде ғана табылады.

Тарихнамалық деректану - тарихнамада қолданылатын деректерді іздеп табудың заңдылықтары, оларды өңдеу және пайдалану туралы білім жүйесі.

Тарихнамалық деректер - тарихнама пәні бойынша анықталатын және тарих ғылымындағы үрдістер туралы, оның жай - күйінен ақпарат беретін тарихи деректер. Олар тарихнамалық заңдылықтардың пайда болуын және дамуын орнықтыру үшін тарихнамалық фактілермен қатар қолданылады. Мұндай пайымдау үшжақты ұғымға; тарихнама пәнінің түсінігіне, тарихнамалық фактінің сипатына, тарихнамалық деректі ұғындыруың қолданысына

негізделеді. Тарихнамалық деректерге тарихшының еңбектері жатқызылады. Тарихнамалық деректерге монографиялар, ғылыми мақалалар, диссертациялық жұмыстар, дәрістер курсының мәтіндері, жарияланбаған қолжазбалардың бастапқы нұсқалары, күнделіктер, заманхаттар, өмірбаяндар, сауалнамалар, хаттар, мерзімді және мерзімді емес басылымдар, жарияланған мұрағат құжаттарының жинақтары, оқу бағдарламалары және тарихнама бойынша оқылған курстардың есебі жатады.

Дерек термин ретінде бүгінгі күні екі мағынада қолданылады: біріншісі, дерек - хабар-ошар, мәлімет, мағлұмат, екіншісі, дерек көзі – бұлақ, нақты дерек көзі, мәселен, шежіре, дастан, жылнама, т.б.

Тарихи деректер - адамзат қоғамының дамуын бейнелейтін және оны ғылыми тануға негіз болатынның бәрі, яғни адамзаттың іс-әрекетінің барысында жасалғанның бәрі. Тарихи деректер заттай және жазба болып екі топқа бөлінеді. *Жазба деректер* жылнамалар, заң акттері, жеке акттері, іс қағаздық құжаттар, жеке адамдық деректер (хаттар, күнделіктер, заманхаттар), әдеби ескерткіштер, публицистикалық және саяси шығармалар, ғылыми еңбектер, мерзімді басылымдар деп бірнеше түрге бөлінеді. Олардың жеті типі бар: жазба, заттай, этнографиялық, фольклорлық, лингвистикалық, фотокино, фоно құжаттар.

Деректану - тарихи деректер туралы ғылым. Деректану теориялық және қолданбалы болып екіге бөлінеді. Теориялық деректану – ғылымның негізгі ұғымдары мен түсініктерін, зерттеу әдістері және ұстанымдарын зерттеу. Қолданбалы деректану - әртүрлі тарихи кезеңдерге тән нақты деректерді тану немесе зерттеу.

Деректанулық талдау - деректегі мәліметтің шынайылық дәрежесін, ғылыми-танымдық маңызын анықтау мақсатында жүргізілетін өзара байланыстағы іс-әрекет.

Деректанулық сын - деректегі мәліметтің шынайылық дәрежесін анықтау мақсатында жүргізілетін зерттеу әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы.

Деректі нақты сынау - нақты фактілерді анықтау мақсатында нақты деректі сынау. *Деректі синтетикалық сынау* - фактілер жиынтығын анықтау мақсатында деректер кешенін сынау.

Деректің пайда болу негіздерін сынау – деректің сыртқы ерекшеліктерін: авторын, уақытын, жерін, түпнұсқалығын, өмір сүру формасын, тарихи жағдайын, алғы шарттарын, деректі жасаудағы әлеуметтік мақсаты мен міндеттерін, т.б, анықтау тәсілдері.

Деректерді классификациялау - деректерді ортақ қасиеттері, ұқсас белгілері бойынша категорияларға бөлу.

Деректерді түрлік классификациялау – жазба деректерді пайда болуы, мазмұны, міндеттерінің бірлігі негізінде, ішкі құрылымдарының ұқсастығына сәйкес тарихи қалыптасқан түрлерге бөлу.

Деректерді типтік классификациялау – деректерді мазмұны мен

формасының сәйкестік принципі негізінде сыныптау. Тип ақпаратты салу және сақтау тәсілдерімен ерекшеленген деректерді біріктіреді.

Герменевтика – жазба ескерткіш мәтініне түсінік беретін, талдап көрсететін, ішкі мәнін ашатын, басқа ескерткіштермен өзара байланысын анықтайтын зерттеу тәсілі.

Құжат – белгілі бір ақпаратты бойына сақтаған, заңдық немесе заңнамалық күші бар ресми мәлімет.

Құжаттану - құжатты тарихи дамуы бойынша зерттейтін, оның құрылу заңдылықтарын, құру әдістерін, құжаттау және құжат жүйесін ұйымдастыру принциптерін зерттейтін ғылыми пән. Құжаттану өз қызметін, белгілі бір мақсат үшін құжат құрылғаннан бастап, өз міндетін атқарғанға дейін атқарады. Одан кейін құжат оперативті қызметтен шығып, ретроспективті (өтіп кеткен) ақпаратты сақтаушыға айналып, іске тігіліп, белгілі бір уақыт аралығында архивтік сақтауға жіберіледі, яғни тарихшылар мен архивтанушылардың зерттеу объектісіне айналады.

Ұғым – зерттеушінің тәжірибелік-эмпирикалық және ғылыми-танымдық іс-әрекеттерінің барысында қалыптасқан, зерттеудегі объектілер мен құбылыстардың мәні мен ерекше белгілерін тұтас және жалпылама ашатын ойлау түрі.

Терминдер – сол ұғымның сөздік, табиғи тілдік айтылуы. Терминдер бөлек сөздерден немесе белгілі бір сөз сәйкестіктерінен тұрады.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

ТАРИХТЫҢ ФИЛОСОФИЯСЫ ЖӘНЕ ТЕОРИЯСЫ САЛАСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТҮСІНІКТЕР МЕН ТЕРМИНДЕР

Тарихтың философиясы – тарихи процестің табиғатын анықтаумен, тарихи болмыстың бастаулары мен іргелі принциптерін, тарихтың мәнін іздеумен, тарихтың бағыттарын және көпөлшемділігін айқындаумен, тарихтағы объективтілік пен субъективтіліктің арақатынасын анықтаумен айналысатын философиялық білімнің бір саласы. «Тарихтың философиясы бүкіл біртұтас тарихи процесс ерекше, арнайы философиялық тұрғыдағы ой-пікірдің және талдап-түсіндірудің затына айналған кездегі тарихи материалға деген айрықша көзқарас» (Е.Б.Рашковский). Тарихи процестің табиғатын анықтау, тарихтың мәнін іздеу – тарих философиясының іргелі (фундаментальдық) мәселесі, тарихтың дамуының философиялық концепциялары осы сұрақтарға берген жауаптарына орай жіктеледі. Тарихи процесті түсіндіру болмыс пен сананың, материалдық дүние мен рухани өмірдің, ұжым (халық, топ) мен жеке адамның тарихтағы рөлінің, т. с. с. арақатынасын анықтаудың қандай философиялық заңдылықтарына сүйенеді деген мәселе, сонымен қатар тарихи процесс үнемі прогресті түрде жоғарылау жолымен дами ма әлде оның дамуында қалыптасу, өрлеу, құлдырау, өшу, қайта жандану сияқты циклдар бола ма деген сұраққа көзқарас тарихи зерттеулердің методологиялық әдісін құрайды.

Тарихтың философиясын екі салаға бөледі: біріншісі – тарихтың онтологиялық (субстантивтік) философиясы; екіншісі – тарихтың сыни (аналитикалық) философиясы. Тарихтың онтологиялық (субстантивтік) философиясы мынадай мәселелерді зерттейді: 1) тарих қозғалысының табиғаты, ерекшелігі, себептері және факторлары; 2) тарихтағы қажеттіліктер мен кездейсоқтықтар; тарихтың бағыттылығы және мәні; 3) тарихи процестің қозғаушы күштері; тарихи дамудың жобалық модельдері; 4) тарихтың мазмұны мен ырғағын; өткеннің, қазіргінің және болашақтың арақатынастарының сипаты; 5) тарихи даму жолдарын таңдау мәселесі. Тарихтың сыни (аналитикалық) философиясының зерттеу өрісіне мынадай мәселелер кіреді: 1) тарихи танымның табиғаты және ерекшелігі; тарихи сипаттаудың ерекшелігі; 2) тарихты түсіну және түсіндіру; ғылымға дейінгі және тарихи ғылыми білім; 3) тарихи білімнің құндылық және мәдени маңызы; 4) тарихи білімдегі рационалдық және иррационалдық бастаулар; тарихи білімнің құрылымы мен әдістері; 5) тарихи фактілердің орны мен маңызы; 6) тарихи танымдағы детерминизм, ерік күші, т.б. мәселелер. Аталған мәселелер топтамасы тарихтың онтологиялық (субстантивтік) философиясының зерттеу өрісі тарихи болмысқа қатысты болса, тарихтың сыни (аналитикалық) философиясы тарихи санаға, тарихи танымның

логикасына қатысты екендігін көрсетеді (тарихтың сыни немесе аналитикалық философиясын гносеологиялық бағыт деп те атайды).

Тарихтың субстантивтік және аналитикалық философиясы түсініктерінің мәнін және тарих философиясы мен тарихтың арақатынасын анықтау мәселесіне тоқталайық. Артур Данто тарих философиясы мен тарихтың айырмашылығын былайша түсіндіреді: тарих философиясы *бүкіл тарихты* тұтастай қарастырып, оның *теориясын* жасайды, ал тарих *бүкіл өткенді* тұтастай алып, оның толық *бейнесін* жасайды. А.Данто «бүкіл тарих» және «бүкіл өткен» деп екі түрлі түсінік беріп отыр. «Бүкіл тарих» дегені – тарих ғылымы, демек, тарихтың философиясы тарих ғылымының ғылымның философиялық мәселелерін зерттейді; ал «бүкіл өткен» дегені – адамзат тарихында болған барлық тарихи оқиғалар мен құбылыстар. (Осы жерде «тарих» түсінігінің өзі екі мағынада қолданылатынын еске түсірейік: 1) тарих – адамзат тарихында болған барлық оқиғалармен құбылыстар; 2) тарих – адамзат тарихын зерттейтін ғылым). Тарихтың теориялық мәселелерін А.Данто «сипаттау теориясы» және «түсіндіру теориясы» деп екіге бөледі. Сипаттау теориясы өткен шақтағы тарихи оқиғалардың құрылымын, ұқсастығын, қайталаушылығын анықтайды, ал түсіндіру теориясы осы оқиғалар құрылымының пайда болу, қайталану себептерін анықтайды. Тарихтың философиясы осы сипаттау және түсіндіру теорияларын жасай отырып, сол арқылы өткен тарихтың бүгінгісі мен болашақтағы даму нышандарын анықтауға талпыныс жасайды. Тарих ғылым адамзат тарихының, жеке аймақтар, мемлекеттер мен халықтардың тарихының тұтас бейнесін жасаса, тарих философиясы адамзат тарихының пайда болуы, дамуы және перспективаларын түсіндіретін концепцияларды негіздейді. Тарих философиясы зерттейтін мәселелерді қысқаша былайша топтастыруға болады:

- тарих туралы тарихи кезеңдерге қатысты арнаулы терминдер шегінде ой қорытуға мүмкіншілік беретін жалпы философиялық тарихи түсініктер;
- тарихтың біртұтас құрылымын негіздейтін ерекше принциптер;
- тарихтағы еркіндік, қажеттілік және себептілік сияқты философиялық мәселелерді шешуге көзқарас;
- тарихқа философиялық, тарихи және жаратылыстану ғылымдары тұрғысынан талдау жасаудың ерекшеліктері;
- философиялық-тарихи дүниетанымның теориясы мен методологиясы;
- тарихтағы құндылық және тарихтың өзіндік құндылығы;
- тарихтың әлеуметтік-психологиялық мәселелері;
- тарихтың теориясын негіздеу.

* * *

Абстракциялау (латын сөзі: *abstractio* - дерексіздену) – заттың,

құбылыстың немесе үдерістің жекелеген тараптарын, қасиеттерін, сапаларын немесе қатынастарын олардың сапалық басқа сипаттамаларына қатыссыз, ойша бөліп шығару үдерісі.

Акультурация – (латын сөзі: *adcuitura* – білім, даму) – белгілі бір халықтың мәдениеті жоғары дамыған басқа бір халықтың мәдениеті жоғары дамыған басқа бір халықтың мәдениетін толық немесе жартылай қабылдауы нәтижесінде болатын мәдени өзара ықпал процесі.

Анализ – құбылысты (затты, үрдісті) ойда немесе нақты бейнеде бөлшектеу рәсіміне негізделген ғылыми таным әдісі.

Аналогия (грек сөзі *analogia* – сәйкестік) – тепе-тең объектілердің кейбір қатынастарында, тараптарында және сапасында ұқсастықтарды табуға негізделген әдіс. Аналогия ғылым дамуының алғашқы кезеңдерінде сараптама және бақылау ретінде қолданылды.

Ғылымның әдісі – белгілі бір ғылым саласы бойынша білімнің қалыптасуына мғмкіндік беретін ережелердің, принциптердің, тәсілдердің жиынтығы.

Дедуқция – ғылыми зерттеу әдісі, ойлаудың жалпыдан жекеге қарай талдау үрдісі.

Жіктеу (латын тілінен *classis* - разряд және *facere* - істеу) – зерттелетін заттар, құбылыстар немесе процестерді анықталған белгілеріне сәйкес жекелеген топтарға бөлу әдісі. Оның шеңберінде объектілердің елеулі ұқсастықтары мен айырмашылықтары атап көрсетіледі.

Индукция – ойлаудың жекеден жалпыға қарай талдау үрдісі.

Институционализация – әлдебір жаңа институттар, мекемелер құру, белгілі бір қоғамдық қатынастарды құқықтық және ұйымдық жағынан бекіту.

Историософия – тарихи процестің табиғаты, оның негізгі тұрпаттары мен заңдылықтары, әдістері мен жолдары туралы түсініктерді жүйелейтін ерекше гносеологиялық жүйе.

Конгломерат – әртүрлі, әртекті нәрселердің жүйесіз қосындысы.

Кондратьевтің толқындары – экономиканың дамуында ұзақ мерзімді циклдар.

Концепция – адамның ғылыми, саяси, техникалық, және көркемөнер салаларындағы іс-әрекетінің жетекші идеясы, конструктивті қағидасы.

Конфессия – белгілі бір діннің шегіндегі сенім жүйесі.

Қоғам – 1) адамдар арасындағы тарихи қалыптасқан біріккен қызмет пен қарым – қатынас жиынтығы; 2) адамзат тарихының кезеңі ретінде (алғашқы қауымдық, феодалдық немесе ортағасырлық, буржуазды, социалистік, коммунистік, құлиеленушілік немесе көне қоғам); 3) осындай кезеңдердің жеке ұлттық түрі ретінде (айталық, ежелгі қытайлық, XIX ғасырдағы орыс қоғамы); 4) белгілі бір одақ ретінде, яғни қандай да бір маңызды сипат бойынша біріккен адамдардың ресми емес ұйымы (мысалы үшін, ақсүйектер қоғамы немесе «жоғарғы қоғам», философия қоғамы,

ғылыми қоғам, немесе жалпы мамандар қоғамы). Қоғамның барлық тұжырымдамаларын шартты түрде екі топқа бөліп қарастыруға болады: тұжырымдамалардың бірінде қоғам «қоғамдық келісім» негізінде өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін біріккен жеке адамдардың жиынтығын құрайды, кей кездерде қоғамның осындай элементтері ретінде жеке адамдар емес, олардың әлеуметтік іс – әрекеттері немесе әлеуметтік қарым – қатынастары болуы мүмкін; ал басқа тұжырымдамаларда қоғам тек өзіндік элементтерге (жеке адам, қарым – қатынас, іс – әрекет) бөлінбейтін, сонымен қатар олардың ішкі мазмұнын анықтайтын органикалық тұтастық ретінде қарастырылады. Осы аталған жағдайда қоғам дәстүрлі діни орыс философиясындағыдай трансценденттік (Құдайлық) тұтастық болады немесе адамдардың еркі мен санасынан тыс өзіндік ішкі объективті заңдармен (марксизмнің әлеуметтік философиясы) құрылады.

Қоғамдық-экономикалық формация – тарихи дамудың белгілі бір сатысында тұрған қоғам, қоғамның белгілі бір тарихи түрі. ...Әрбір қоғамдық-экономикалық формация белгілі бір өндіріс тәсіліне негізделеді, ал оның мәнін өндірістік қатынастар анықтайды; сонымен қатар формация өндірістік қатынастарға сәйкес қондырманы, жанұяның түрін, тұрмысты, т. б. қамтиды.

Қорытындылау – ойлау амалы, оның шеңберінде болмыстың заттары, құбылыстары және процестерінің жалпы қасиеттері, белгілері мен сапалары айқындалады.

Модельдеу (француз сөзі: modele – үлгі) – заттар, құбылыстар немесе процесті зерттеу мүмкін емес немесе әлдеқандай себептермен зерттеу қыйындау болған кезде қолданылатын әдіс, мұнда зерттелетін объектіні (түпнұсқаны) алмай, оның орнына арнайы жасалған модельді зерттейді. Модельдеудің бірнеше түрі бар, атап айтқанда, физикалық, математикалық, логикалық, компьютерлік модельдеу.

Моноцентризм – барлық халықтар, барлық мәдениет бір ғана жолмен жүреді, олардың айырмашылығы тек қана әрқайсысының дамудың осы түзу жолының қай сатысында тұрғандығында деп түсіндіретін ғылыми бағыт.

Ойда жасалатын эксперимент (мысленный эксперимент) – Жаңа білім алуда немесе білімді арнайы құрастырылған жағдайлармен сынауда ерекше теориялық үдерістер қолданылады. Осы жағдайларда ОЭ толыққанды (өз бетінше емес, бөлшекті түрде және модельді түрде жүзеге асырылады) немесе болашақ тәжірибенің алдын ала қарастырылуы болуы мүмкін. Толыққанды ОЭ үлгілеріне Галилейдің инерттілік принципін тұжырымдауын жатқызуға болады және А. Эйнштейннің тартымдылық пен күшейту әсерлеріне сәйкес келетін ОЭ айта аламыз. Қазіргі ғылымда ОЭ математикалық болжам әдісімен және жалпы математикалық формализмдерді бейімдеумен тығыз байланысты. Экономикада, демографияда және әлеуметтануда экономикалық, демографиялық және

әлеуметтік үрдістерді математикалық модельдерде тәжірибелер жүргізу кеңінен таралған, олар ЭЕМ (ЭВМ) арқылы жүргізіле отырып, бір уақытта бірнеге тәжірибелік факторлардың кешенін басқаруға мүмкіндік алады. ОЭ ерекше түріне жағдайдың мүмкін болатын сценарийлерін құрастыру жатады. Өзінің логикалық құрылымы жағынан ОЭ болжамдық, дедуктивті ойлау принциптеріне негізделеді, ол өз кезегінде екі жеке фазадан тұрады: 1) квазиэмпирикалық (көрнекті үлгілер дәріптеуші объектілердің міндеті); 2) логикалық-сызбалық (образды теория тіліне алмастыру әдістерін іздестіру, ОЭ тұжырымдамалық жағдайларда объективтеу). ОЭ үш түрі ажыратылады: 1) құрастырушы О.Э., ол теорияның ұғымдық негізгі сызбаларын «кеңістіктендірумен» байланысты; 2) аналитикалық О.Э., теорияның шынайылығын растайтын үлгілерді немесе контрүлгілерді (негізінен парадокс түрінде) құрастыруға бағытталған; 3) синтетикалық О.Э., ғылыми болжамның құрастыру құралы болып табылады. ОЭ экстраполяциялық болжамда да ерекше орын алады. ОЭ жеке түрі ретінде ХХ ғасырдың 30-жылдарында американдық әлеуметтанушысы Э. Христиансен ғылыми ортаға енгізген және Ф. Чепин арнайы рәсімдеп құрастырған экспостфактум тәжірибесін қарастыруға болады. Онда бақылаушы топтың тәжірибе тобынан бөлінуі тәжірибелік фактор табиғи түрде тәжірибе жүргізушінің қатысуынсыз жүзеге асқаннан кейін мүмкін болады, яғни тәжірибе ойша алдын ала құрастырылады. Осылайша, Христиансен білім деңгейінің экономикалық қызмет жетістігіне әсері туралы гипотезаны құрастырған болатын, ол он жыл бұрын аттестат алған адамдар тобын және білімін жалғастырушы (тәжірибелік топ) мен жалғастырмаушы (бақылаушы топ) бөліп алып, олардың алатын жалақы мөлшерін салыстырды. Сол арқылы экспостфактум тәжірибесі түсіндіруші гипотезаның болып өткен жағдайлардан белгілі бір критерий бойынша топ құрып, ақпарат алу арқылы дәлелдеу құралы болып табылады.

Нәсілшілдік – адамзатты жоғары және төмен нәсілдерге, жетілген және жетілмеген нәсілдерге бөлу туралы ғылыми негізсіз, керітартпа теория.

Формациялық теория – қоғамның тарихын әлеуметтік революция нәтижесінде бірін-бірі ауыстырып тұратын алғашқы қауымдық, құл иеленушілік, феодалдық, капиталистік және коммунистік формациялардың даму үрдісі ретінде түсіндіретін теория. Бұл теория бойынша, формациялардың әрқайсысының пайда болуы мен дамуының өзіндік заңдары бар; ол заңдар белгілі бір формацияда тұрған барлық елдер үшін жалпы заңдылық бола отырып, сонымен қатар әрбір елдің дамуының тарихи және ұлттық ерекшеліктерін жоққа шығармайды; әрбір формацияда оларды әлемдік тарихтың біртұтас үрдісіне біріктіретін жалпы заңдар әрекет жасайды. Барлық елдер мен халықтардың өзінің даму барысында барлық формациялар мен оның жеке сатыларынан өтуі міндетті емес.

Модернизация – индустриалдық қоғамға өту процесі.

Марксизм – К.Маркс және Ф.Энгельс негіздеген, пролетариаттың таптық идеологиялық доктринасын бейнелейтін философиялық, экономикалық және әлеуметтік-саяси көзқарастар жүйесі. Марксизмнің түйінді идеялық қағидалары – қосымша құн және өндірісті қоғамдастыру түсініктеріне негізделген капитализмнің экономикалық жүйесінің анализі, тарихи материализмнің философиялық жүйесі, соның ішінде пролетариаттың тарихи рөлі туралы қорытындылары ХІХ ғ. Екінші жартысында жұмысшы қозғалысының негізгі идеологиясына айналды. Марксизм дүниені ауқымдылықпен қайта құрудың белгілі бір үлгісін қалыптастыруға бағытталды, жаппай әлеуметтік, рухани, көзқарастық революция идеясын жариялады.

Менталитет – үлкен әлеуметтік топтардың (халықтың, ұлттың, таптың, сословиенің) дүниетанымын анықтайтын және оның мәдени салтының бірлігін қамтамасыз ететін әлеуметтік-психологиялық көңіл-күй.

Моноцентризм – барлық халықтар, барлық мәдениет бір ғана жолмен жүреді, олардың айырмашылығы тек қана әрқайсысының дамудың осы түзу жолының қай сатысында тұрғандығында деп түсіндіретін ғылыми бағыт.

Нәсілшілдік – адамзатты жоғары және төмен нәсілдерге, жетілген және жетілмеген нәсілдерге бөлу туралы ғылыми негізсіз, керітартпа теория.

Парадигма – қойылым үлгісі мен мәселенің немесе зерттеу міндетінің шешімі, сонымен қатар аталған ғылыми қоғамда белгілі бір тарихи кезең бойында басым болған зерттеу әдістерінің жиынтығы.

Позитивизм – шынайы («оң») білім жеке ғылымдардың қызмет етуінің нәтижесінде ғана алынуы мүмкін тұжырымдамасына негізделген гуманитарлық ойдың бағыты.

Зерттеу пәні – аталған ғылым зерттейтін қоғамдық және басқа да құбылыстардың, институттар мен мекемелердің шеңбері.

Провиденциализм – тарихты құдайдың еркі, алдын-ала адамды «құтқару» үшін жасалған жоспарының іске асырылуы түрінде көрсетілетін діни түсінік.

Синтез (грек тілінен *synthesis* - қосылу) – объектінің көрсетілген элементтерін қандай да бір тұтасқа біріктірумен байланысты, қарама-қарсы ойлау операциясы.

Стагнация – экономикадағы тоқырау құбылысы.

Талдау (грек тілінен *analysis* - ажырату) – затты, құбылысты немесе процесті тану мақсатында құраушы элементтерге ойша бөлшектеуден тұратын таным әдісі.

Тарихи дамудың сызықтық тұжырымдамасы – қоғамның дамуының детерминистік сипаты, оның белгілі бір экономикалық, техногендік, рухани және басқа факторлармен анықталатыны туралы түсінікке, тарихи дамуды осы қасиеттердің уақыт шегінде тоқтамай өрістеуі деп түсінуге, осы қасиеттерді күшейту және осы негізде қоғамды сапалы түрде қайта құру туралы түсінікке негізделген историософиялық тұжырымдама.

Тарихи зерттеулердің методологиясы – тарихи үрдісті түсіндіру болмыс пен сананың, материалдық дүние мен рухани өмірдің, ұжым (халық, топ) мен жеке адамның тарихтағы рөлінің, т. с. с. арақатынасын анықтаудың қандай философиялық заңдылықтарына сүйенеді деген мәселе, сонымен қатар тарихи үрдіс үнемі прогресті түрде жоғарылау жолымен дами ма әлде оның дамуында қалыптасу, өрлеу, құлдырау, өшу, қайта жандану сияқты циклдар бола ма деген сұраққа көзқарас.

Тарихи үдеріс – адамзат ұрпақтарының іс-әрекетінің нәтижесі болып табылатын оқиғалар мен құбылыстардың уақыт шегіндегі жалғастылығының көрінісі. Тарихи процестің негізін адамзат өміріне елеулі түрде әсер еткен тарихи фактілер және тарихи құбылыстар құрайды. Алайда тарихи процесс тарихи оқиғалар мен құбылыстардың жүйесіз ағымы (немесе жиынтығы) немесе халықтар мен мемлекеттердің тарихының қосындысы емес. Тарихи процесс – жалпы адамзаттың өткеннен бүгінгіге және болашаққа қарай қозғалысын, дамуын бейнелейтін процесс.

Тарихи үдеріс теориясы – әдіснамалық интерпретация. Тарихи процесс теориясы – тарихи фактілерді түсіндіретін себеп-салдарлық байланыстардың логикалық сызбасы. Ол тарихтың пәнімен анықталады және тарихи факт (оқиға, үрдіс, құбылыс) мен соған сәйкес келетін қорытындылардың аралығында тұрады.

Тарихты кезеңдерге бөлу критерийлері – тарих ғылымы қандай методологиялық тұжырымдамаға негізделгеніне орай анықталатын принциптер.

Тарихтың философиясы – бүкіл біртұтас тарихи процесс ерекше, арнайы философиялық тұрғыдағы ой-пікірдің және талдап-түсіндірудің затына айналған кездегі тарихи материалға деген айрықша көзқарас.

Ұзақ мерзімді циклдар – өркениеттің немесе әлеуметтік-саяси организмдер жүйесінің әмбебап циклдық сатылар (өрлеу, дағдарыс, тоқырау, жандану) арқылы өтетін, кешенді факторлардың әрекетімен байланысты даму кезеңі.

Унификация – әлдебір заттарды, құбылыстарды, т.б. біртектілікке, біртүрлілікке, бір жүйеге айналдыру.

Федерализм – мемлекеттік-саяси автономия құқығы бар субъектілерден тұратын мемлекеттік құрылыс.

Шовинизм – аса сыртқары ұлтшылдық, ұлттық артықшылықты уағыздайтын, ұлттардың бір-бірін жеккөрушілігі мен қақтығысын туғызуға бағытталған саясат.

Эволюция – қоғам мен табиғаттағы өзгерістер, олардың бағыты, тәртібі, заңдылықтары туралы түсінік; қандай да бір жүйенің жағдайын анықтайды, оның алдыңғы жағдайының аз немесе көп өзгерісінің нәтижесі ретінде қарастырылады; тар мағынасында дағдарысқа қарағанда өте баяу әрі сатылы өзгерістер болып табылады.

Эгалитаризм – әлеуметтік әділеттілік қағидасын мүліктік теңдік, меншікті тең бөлісу арманымен ұштастыруға негізделген идеология.

Эпистемология – таным теориясы.

Эсхатология –

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

НЕГІЗГІ ТАРИХИ ТҮСІНІКТЕР МЕН ТЕРМИНДЕРДІ МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

1. Египеттіктердің көне жазу атауын көрсетіңіз:
 - а) кириллица,
 - б) иероглифтер,
 - в) сына жазу.

2. Фараон жарлықтарын жазған және салық жинаған кім?
 - а) ақсүйек,
 - б) жазғыш,
 - в) мумия.

3. Келесі сөздерге анықтама беріңіз:
фараон, шадуф, иероглиф, салық, екі аяқты күйме арба.

4. Келесі сөздерге анықтама беріңіз:
пирамида, сфинкс, мумия, ақсүйек, дельта.

5. Египет Құдайының үйі қалай аталады?
 - а) пирамида,
 - б) ғибадатхана,
 - в) мастаба.

6. Ортағасырлық кезенді зерттейтін тарихи ғылым саласы –
 - а) хронология;
 - б) медиевистика;
 - в) сфрагистика;
 - г) әдіснама.

7. Колонат – ол:
 - а) жер иелену түрі;
 - б) жер өңдеу құралы;
 - в) феодалдың жерден алатын кірісі;
 - г) ежелгі германдықтардың халық жиыны.

8. Әскери тұтқын басшыларының билігі халық жиналысымен шектелген қоғамдық құрылыс –
 - а) теократия;
 - б) әскери демократия;

- в) абсолюттік монархия;
- г) таптық-өкілдік монархия.

9. Женевада кальвинизм догматтарына қатысты мәселелер шешілген жиналыс:

- а) Консистерия;
- б) Рейхстаг;
- в) Фогт;
- г) Конгрегация.

10. Англияда пуританизм идеологиясының біртоға жақтаушыларын атады:

- а) Масондар;
- б) Либералдар;
- в) Пресвитериандар;
- г) Индепенденттер.

11. «Деизм» негізі неде?

- а) Толық сенімсіздік;
- б) Құдайға көзсіз сенім;
- в) Дінге бей – жай қарау;
- г) Құдайды тек сана арқылы танитын доктрина.

12. Сайлаушылардың сайлауға қатысудан жалтаруы

- А) аболиционизм
- Б) абсентеизм
- В) аброгация

13. Елдің шаруашылықтық жекелену саясаты

- А) автономия
- Б) сепаратизм
- В) автаркия

14. Белгілі бір нәрсеге көндіру үшін немесе қандай да бір әрекетке жүгіндіру үшін халықтың санасына әсер етуде ой, пікір тарату

- А) насихат
- Б) агитация
- В) ақпараттандыру

15. Бір мемлекеттің екінші мемлекеттің егемендігіне қарсы әскери күш қолдануы немесе басқа да қол сұғушылық

- А) қақтығыс
- Б) агрессия

В) соғыс

16. Келісім шарттары негізіндегі бірігу, одақ

А) конфедерация

Б) альянс

В) блок

17. Мемлекетті жоюды және «мемлекеттік емес» әлеуметтік құрылысты өз мақсаты деп жариялаған саяси ағым

А) синдикализм

Б) анархизм

В) корпоративизм

18. Күшпен қосып алу немесе басып алу және басқа мемлекеттің немесе халықтың жер аумағын өзге мемлекет шекарасында ұстап тұру

А) плебисцит

Б) аншлюс

В) аннексия

19. Атлантизм –

А) Атлантика аймағы елдерінің тағдыры мен мүдделерінің ортақтығы туралы тезис негізіндегі идеялық – саяси концепция

Б) АҚШ –тың Батыс Еуропа елдеріне қатысты саясаты

В) «қырғи қабақ соғыс» кезеңінің саясаты, қазіргі уақытта қолданылмайды

20. Постиндустриалды қоғам -

А) жетекші рөлді білім мен ғылым, материалды өндіріс пен қызмет саласы, компьютерлендіру алатын қоғамдық даму сатысы

Б) жетекші рөлді білім мен ғылым, қызмет саласы, жаһандану мен компьютерлендіру алатын қоғамдық даму сатысы

В) жетекші рөлді білім мен ғылым, қызмет саласы, инновациялық технологиялар алатын қоғамдық даму сатысы

21. Экономиканың құрылымдық қайта құрылуы –

А) өндірістің сапалы техникалық және технологиялық жандануы, экономикалық қатынастардың жаңа моделінің құрылуы

Б) барлық экономикалық механизмнің сапалық түрленуі мен экономикалық қатынастардың жаңа моделінің құрылуы

В) ГТР жетістіктерінің негізінде техникалық парк пен қоғамдық өндіріс технологиясының алмастырылуы

22. Трансұлттық одақ (ТНК) –

- А) тіркелген мемлекеттен тыс іскери операциялар жүргізетін фирма, компания
- Б) үкімет шешімімен әлемнің басқа мемлекеттерінде қосымша филиалдар желісін құрушы фирма, компания
- В) басқа мемлекеттердің фирма мен компанияларын көбірек табыс табу мақсатында қолданатын фирма, компания

23. Тарихнама - бұл

- А) тарихи оқиғалар мен үдерістерді зерттейтін ғылым саласы
- В) тарихи деректерді оқып-үйренетін ғылым саласы
- С) тарих ғылымының тарихын зерттейтін ғылым саласы
- Д) тарихи тұжырымдамаларды талдайтын ғылым саласы
- Е) тарихтың методологиясын талдайтын ғылым саласы

24. Тарихнамалық факті – бұл

- А) тарихи оқиғалар мен үдерістерден ақпарат беретін мәлімет;
- В) тарихи білімдер туралы ақпарат беретін мәлімет;
- С) тарихи дәуірлерден хабар беретін мәлімет;
- Д) статистикалық мәліметтердің жиынтығы;
- Е) археологиялық жәдігерлер туралы мәлімет.

25. Тарихнамалық деректану - бұл

- А) тарихи деректерді сыннан өткізу туралы ережелер жүйесі
- В) деректерді ғылыми талдаудан өткізу туралы тұжырымдама
- С) тарихнамада қолданылатын деректерді іздеп табудың заңдылықтары оларды өңдеу және пайдалану туралы білім жүйесі
- Д) тарихи деректерді ғылыми айналымға түсіру туралы білім
- Е) тарихнамалық деректерді талдау жүйесі

26. Тарихнамалық деректер -

- А) тарихнама пәні бойынша анықталатын және тарих ғылымындағы үрдістер туралы, оның жай-күйінен ақпарат беретін тарихи деректер
- В) тарихи оқиғалар мен үдерістерден мәлімет беретін деректер
- С) тарихи деректердің типі
- Д) тарихнама пәнінен мәлімет беретін деректер
- Е) тарихнамалық заңдылықтар туралы мәлімет беретін деректер.

27. Басты тарихнамалық деректер -

- А) тарихшының еңбектер
- В) мұрағат құжаттары
- С) ауызша тарих айту деректері
- Д) мерзімді басылым және статистикалық материалдар

Е) археологиялық жәдігерлер.

28. Жеке және заңды тұлға жасаған, белгіленген тәртіппен рәсімделіп, куәланған құжат -

- А) тарихи дерек
- В) ресми құжат
- С) жеке құжат
- Д) заңды құжат
- Е) мұрағат құжаты

29. Деректегі мағұлматтың шынайылық деңгейін анықтау мақсатында жүргізілетін зерттеу әдістерімен тәсілдерінің жиынтығы -

- А) Деректану
- В) Деректанулық сын
- С) Мәтінтану
- Д) Деректерді сыныптау
- Е) Синергетика

30. Тарихи дерек ұғымының мағынасы -

- А) белгілі бір субъектінің белгілі бір оқиғаны жазуы
- В) объективтілік пен субъективтілік диалектінің бірлігі
- С) тарихшы жазып қалдырған оқиға
- Д) тарихи оқиға туралы мәлімет
- Е) тарихи шындық жайындағы ақпарат

31. Тарих - ғылым

- А) Табиғаттың заңдылықтарын зерттейтін
- В) Қоғамдық қатынастарды қарастыратын
- С) тарихи деректерді зерттейтін
- Д) жеке оқиғалар мен құбылыстарды зерттейтін эмпирикалық
- Е) тарихнамалық деректерді

32. Тұжырымдама (концепция)

- А) Көзқарастар жүйесі, белгілі бір теорияның негізгі идеясы
- В) Діни пайымдамалар
- С) Нақты міндетті шешуде қолданылатын тәсіл
- Д) Рухани құндылықтар жүйесі
- Е) Саяси ұстанымдар

33. Анархизм -

- А. көзқарастар жүйесі, белгілі бір теорияның негізгі идеясы
- В. әлеуметтік-саяси ілім. Мемлекеттік билік пен саяси күрестің

жағымды рөлін жоққа шығару

- С. тарихи үдерісті анықталған, нақты міндетті шешудегі қозғалысты бейнелейтін, жоспарлы мақсат
- Д. рухани құндылықтар жүйесі
- Е. халық қозғалысының бейнесі

34. Зерттеушінің деректі іздеп табуы

- А) Библиография
- В) Мәлімдеме
- С) Эвристика
- Д) Атрибуция
- Е) Сфрагистика

35. Датировка –

- А) Деректің авторын анықтау
- В) Деректің пайда болу уақытын анықтау
- С) Деректерді салыстыру
- Д) Деректің сақталу формасын анықтау
- Е) Тарихи деректің әлеуметтік функциясын көрсету

36. Фактілер жиынтығын анықтау мақсатында деректер кешенін сынау

- А) Деректанулық сын
- В) Деректерді синтетикалық сынау
- С) Деректерді түрлік сыныптау
- Д) Деректерді типтік сынау
- Е) Деректерді сыныптау

37. Деректердің сақталу формасы

- А) Деректің жазылу деңгейі
- В) Деректің келіп жету түрі
- С) Дерек мазмұнының бұрмалану деңгейі
- Д) Деректің көшірмесі
- Е) Деректің шынайылық деңгейі

38. Тарихнамалық ғылыми әдістер - бұл

- А) тарихнамашының танымдық қызметіндегі тарихи білімнің шынайылығына жетудегі саналы тәсілдер мен жолдар
- В) тарихи заңдылықтарды зерттеудің тәсілі
- С) зерттеудің мақсат-міндеттерін айқындау тәсілі
- Д) тарих ғылымында жинақталған терең білімді көрсету
- Е) тарихнамалық фактілерді терең түсіну

39. Деректану ғылымы –

- А) тарихи деректер, оларды іздеп табу, зерттеу және пайдаланудың теориясы мен практикасы туралы тарих ғылымының саласы
- В) қосалқы тарихи пән
- С) тарихтың тарихын зерттейтін ғылым саласы
- Д) тарихнамалық деректер, оларды іздеп табудың, зерттеудің теориясы мен методологиясы туралы ғылым
- Е) тарихи білімнің қалыптасуы мен дамуын зерттейтін ғылым саласы

40. Тарихнама ғылымы –

- А) тарихи деректер туралы ғылым саласы
- В) тарихи оқиғалар мен үдерістер туралы ғылым саласы
- С) тарихи деректерді зерттейтін және ғылыми айналымға түсірудің әдістемесі туралы ғылым
- Д) тарихтың тарихын зерттейтін ғылым саласы
- Е) заттай деректер туралы ғылым саласы

МАЗМҰНЫ

Алғысөз.....	
Бірінші бөлім. Тарих пәндері бойынша қолданылатын түсініктер мен терминдер.....	
Екінші бөлім. Тарихнама және деректану пәндері бойынша қолданылатын түсініктер мен терминдер.....	
Үшінші бөлім. Тарихтың философиясы және теориясы саласында қолданылатын түсініктер мен терминдер.....	
Төртінші бөлім. Негізгі тарихи түсініктер мен терминдерді меңгеруге арналған тапсырмалар.....	
Пайдаланылған әдебиеттер.....	